




Фалия
Малдыбаева

КӨҢЛ-КЕРҮЕН





Фалия
МАЛДЫБАЕВА

КӨНІЛ-КЕРУЕН



Петропавл қ.
2013 ж.

УДК 534 (85)
ББК 84. 3 Каз 5-2
М 83

М 83 Қөңіл-керуен. Ф. Малдыбаева / г. Петропавловск,
Издательство «Северный Казахстан», 2013 г. - 200 б.

ISBN 978-601-7247-38-4

Бұл өлеңдер жинағына Фалия Малдыбаеваның әр жылдары жазылған тырнақалды туындылары енгізілді. Өзіндік ой-толғауларымен, жырлары ерке-наздан құрылып, адам жанының пернесін дәп басады. Сонымен қатар өмір жолы - естелік тарихи әңгімелері мен фото-суреттерін көріп, оқи аласыздар.


52767

УДК 534 (85)
ББК 84. 3 Каз 5-2

ISBN 978-601-7247-38-4

© F. Малдыбаева, 2013

© Издательство «Северный Казахстан», 2013



*Бұл еңбегімді қымбатты
ата-анам мен ардақты ұлым
Азаттың рухына арнаймын*



...ҚОЛЫНА ҚАЛАМ АЛҒАН ҚАРЫНДАСЫМ...

Күні кеше ғана басына ақ бантік байлап жүгіріп жүрген ерке тотай қарындастым Фалия Фалымқызының бұл күнде асыл жар, ардақты ана атанған шағын көріп, сезіну мен үшін үлкен ғанибет. Қаршадайынан өмірге құштар, өнерге бейім болып өскен жас жауқазын қыз, алдына қойған мақсат-мұраты, өзіндік ұстамы, ой-өрісі, таным-түйсігі барын сол кезде-ақ байқатқан болатын. Құрбы-замандастарының ортасында оқшауланып, көшбасшы болып жүрген сәттері де мениң көз алдымда. Ата-анамыз қазақтың белгілі ақыны, жазушы, журналисті, қорам қайраткері Фалым Малдыбаев пен сүйікті шешеміз Зураш Ергалиқызы Фалияның бойына ар тазалығын, жан тазлығын, тән тазалығын ана сүтімен сіңірген сияқты. Олай дейтінім бір құрсақтан тараған тоғыз баланың ішінде оның орны ала бөтен, іскерлігі, баяуырмалдығы, қамқоршылық қасиеті басқамызға қарғанда көш ілгері, оған еш таласымыз жоқ.

Әсіресе, ата-анамызға деген балалық махаббатын айтып аузызben жеткізіп болмас. Міне, осы өздерінің оқып отырған шағын шығармашылық еңбегінің беттерінен де сол сәбілік сүйіспеншілік сезімнің майда желі есіп түр. Ақын әкеміздің бар баласы да өлең – жырдан қара жаяу болмасақ та, Фалия өзінің нәзік жүрегін жарып шыққан жыр жолдарымен бақылық болған жандар жайлы тебрене толғап, көзіңе жас үялатады. Анамыз Зураштың әр сөзін қайталап, көзінің тірісінде айтып кеткен өситет өнегесін орындалп отырған өмір жалғасы десем айна қатесі жоқ.

Фалия үнемі өлең жазумен шұғылданып, ақындық құған жан емес. Өлең оның көңіл хошы келгенде жүрек қылын шертетін, ішкі шерін тарқататын ермегі. Көкейінде жүрген сан түрлі сұрақтарға жауап іздел қиналған сәтте жұбаныш пен қуаныш силайтын таптырмайтын тамаша жан серігі. Сағынышын

сергітетін, қиялына қанат бітіретін, дос-жолдасқа, құрбы-замандасқа ерке-назын айтатын қосымша құралы. Ақ қағазға сырын ашып, аналық ақ жүрегінің лұпілін жеткізетін хабаршысы. Міне, Фалия ушін өлең деген өнер өлкесінің атқаратын рөлі осы іспеттес.

Ендігі бір азын-аулақ әңгіме, осы кітапқа өлең жолдары енген нағашы атамыз Ергали Асылтаев ақсақал жөнінде. Ол кісіні біз бәріміз «Әке» деуші едік. Атығай руынан тараған Бәйімбет ата үрпағы Қабай, Тұяқ, Жәнібек, (қазіргі Шал ақын ауданы, Ыбраев атындағы елді-мекен) болып келетін тармақтан шыққан нағашымыз ел ішіне кеңінен танымал атшұлы адам болды. Ең алдымен ол он саусағынан өнер тамған шеберді. Содан соң әнші, домбырашы, саятшы, суырып салма ақын атанған жан еді. Оның үстіне арапша оқыған сауатты болатын. Жастық шағын сал-серілікпен өткізген Ерекең артына мол мұра қалдырған жан. Әттең, шіркін, бір өкініштісі сол атамыздың еңбегін жинаушысы болмай, қыруар жазған өлең-жырлары ескерусіз калып, еңбегі зая кеткен. Солай бола тұрса да, нағашы атасын ерекше жақсы көрген Фалия ойдан — қырдан іздестіріп жүріп азын-аулақ болса да өлеңдерін тауып алды. Сөйтіп осы кітаптың бір бөлімін нағашы жұртына арнап отыр, бұл да болса қарындастымынға өзіндік білгендігі. Әбден құптарлық жәйіт.

Өмір-өзен, көңіл-керуен, тоқтаусыз дүние... Өсіп жатқан да, өшіп жатқан да тіршілік... Табиғаттың тастай қатты зандағылығы, бұл дүниенің мәнгілік емес жалғандығы... бәрі, бәрі ӨМІР деген бір ауыз сөздің шеңберіне сиып жатқан сыйбагамыз.

Міне, осы тақырыптың да Фалия Фалымқызының шығармашылығынан орын алғаны өте өкінішті. Небары жиырма тоғыз жасында жол апатына үшыраған, тұла бойы тұңғышы Азатынан айрылып қалуы ана жүрегіне қанжар боп қадады емес пе! Ағайын-туғанды қан жылатып, қабыргамызды қайысты-



рып, сағымызды сыңдырған бұл ажал бауырларының ортақ қасыретіне айналды. Арада жылдар өтсе де, осы оқиға әліде болса аузы жазылмаған ашық жара. Үақыт-емші деген қағиданы ұстансақ, алдағы күнге үмітпен қарап, қуаныштың келер әлі қектемі дегім келеді. Бүгінгі арман - тілек Фалия өзінің жан-жары Мейірхан Болатұлы Жұмағұлов пен ұлдары Тимурмен бірге ұзақ ғұмыр кешкенін қалаймын. Сүттей ұйыған жанұясының ұйытқысы мен сүйіктісіне айналған ардақты жан болғанын тілеймін.

Оқырман бұл кітапты көркем шығарма емес, кейінгі ұрпаққа көзайым болатын естелік, ескерткіш есебінде, сан түрлі суреттерге толы тарихи құжат деп қабылдап оқыса құба-құп болады.

*Шашубай Малдыбаев.
3 тамыз, 2013 жыл, Кызылжар.*

**Жыр - жазамын
жүректен,
Жан - азығы
жүрекке ем,
Телегей - теңіз дәруі,
Ақ ниет, ақ тілектен!**





Менің әкем Фалым Малдыбаев, жиырмасының
ғасырда кеңестік дәуірдің дүр еткен толқынына қо-
сылған, қазақта етene таныс, еңбегі халқымыздың
жүргегіне жеткен, Сәкен, Сәбит, Бейімбет сынды
жарқ етіп қөрінген жұлдызды шоғырдың қатарына
қосылған, дарын қуаты зор, ақын атағы республика-
мызды танымал,

ССРО-ның Жазушылар Одағының мүшесі, елінің
елеулі ұлы десем артық айтпаған болар ем.

Бір жағынан қазақ қоғамы қыл үстінде, енді бір
жағынан кеңес үкіметінің саяси-репрессиялары тө-
бесінен төніп, қандайлық қыыншылық, таршылық,
жоқшылық көрседе, өзінің азаматтық қезқарасынан
айнымай, әрдәйім ізденіс үстінде болып, халқының
жырын жырлаған, өлеңмен саясатқа үн қосқан, мен
үшін батырлық қасиеті де мол, әдебиет әлеміне кіріп,
өз даусымен жар салған әкемнің мұрасы аз да емес.
Оннан астам кітабы жарық көріп, ондағы шығарма-
лары көркемдігі жоғары, тарихи түрғысынан алған-
да ең үздік екендігі елге аян. Республикамыздың
бірнеше облыс орталықтарында, алғашқы типографиясын
ұйымдастырып, алғашқы газеттерін халқы-
на тарту еткен еңбегі қаншалықты. Әкем бүгінгі
таңда Қазақстанның белгілі ақын-жазушыларының,
айта кетсем, Дихан Эбілев, Сейітжан Омаров, Зейін
Шашкин, Фабдол Сланов, Жұмағали Саин, Қалижан
Бекхожин сынды дарын иелерін, өнегелі өмірге, әде-
би ортаға қосқан ақылшы ұстаз да. Дихан ағамыз
әкеме жолдаған бір хатында:

Әлде алыстың, әлде бір төтеменен,
Аға едің мені өлеңге жетелеген,
Құнан боп қалған былтыр асау тайды
Бәйгеден келтірем деп көтермемен.
Білмеймін ол ойынды ақтадым ба?
Көңіліме үмітінді сақтадым да,
Жүйткіте бердім асау жыр тұлпарын,
Жетпіске жеткенімше ақтарыла.

Бұл емес айтарлығым бұл өлеңде,
Тұрасың көз алдымда, өзің өрде
Ассалаумагалейкүм, ақын аға,
Болғайсың ұзақ жылдар жырлы төрде!
Қашанда еске алсам-ақ жылдарды өткен,
Оянар кейбір ойлар қалғып кеткен
Көтерген жеңіс туын жас жігіттей,
Тербейді сол жылдарғы жырың өктем.
Сомдалған «Балға орағың», «Доңғалағың»
Күйі фой шерткен жаңа замананың,
Арманшыл «Ақ келінің», «Қырым қызының»
Айшықты жыр шыңында қос шынарың.
Ақынсың ақ қағазға өрнек төккен,
Бақытты бар ма осы құдіреттен!
Ақынға, өлең-жырга кәрілік жоқ,
Жалғасып жатсын солар келешекпен!

деп, әдебиетке келуіне үлкен жол ашқан, жетелеп жүріп жеткізген ағасына осылай көнілін білдіреді.

Мүмкін, содан да болар әкемді «Фибраты мол Галекен» деп кейінгі ұрпағы көп айтып жүр.

Менің әкем туралы айтылған әңгіме де, жарық көрген мақалалар да жетерлік. Өзіміздің жерлерстеріміздің, анам Зураш Ергалиқызы, екеуінің арасындағы махаббатын, әлі күнге дерлік жырлауы, ескінің көзі, елаузында. Орнықты орта жасқа келген кезінде, табиғат зандылығынан да, адами факторлықтан да қорықпай, анаммен қосылып, тоғыз бала тәрбиелеп, бәрімізге жан-жақты білім әперіп, жалпы қоғамға силы да, лайықты болуымызға өте зор ақыл қости. Бұл фәни дүниеден бақыға атттанғанынша, өте балажан, аса қамқор болды. Біз үшін әкелік парызын әбден өтеді.

Тірлік-қонақ, кімдер мәңгі түрмақшы,
Ажал бір күн мені де алып үрмақшы
Өтей алса өз борышын жырларым
Шіркін, көніл зор қанағат қылмақшы.



1902-1982 жж.
Әке-шешемнің мәңгілік мекені



1926-2006 жж.

Аяулы елім маған қалам алдырған
Ұлым-қызым келешек жас балдырған,
Бәйтеректің басындағы ұядай
Ескерткішім осы менің қалдырған...

- деп, өлеңдерін артында қалған үрпағына аманат етті. Осы қунге дейін есімде қалғаны әкемнің, інім Сәбит екеумізге есіл бойынан ертіп жүріп, жиекте қаптай өсken мойылбас үзіп жегізгені. Кешкілікті екеумізді кереуеттің үстіне отырғызып алып, анамның дәмді тамағы піскенше, ертегі айтушы еді. Кейін есейе келе, сол кездегі айтқан ертегілерінің моральдік түсінігін терең байымдап жүрдім.

Ал мен үшін қызықты шақтың естелігі – әкемнің бізді соқпағы көп өмірдің өзіне дайындаған зерделі сөздері.

Міне, осындаі, сүйегі асыл, дарабоз ақынның бір тамшы қаны бойымда бар мен де, өлең-жырдан қара жаяу қалмасам керек. Қөңілім көншіп, асқақтаған шатттық жайласа, немесе, кіrbің шалып, нала-мұң торласа, қолыма қалам алып, асқан ақын болмасамда, жағдайыма жауапты ақ қағаз бетінен іздегендаймін....

Жалпы, жанұямызда, бәрімізге, әкеміздің ақындығы мен анамыздың әншілігі бойымызға жасымыздан дарыса керек.

Осы бір азын-аулақ шығармашылығымның, шаң басып сөреде қалмауын, апа-агаларым мен інісіңдеріме, туыс, достарыма, келешек үрпағыма естелік ретінде қалғанын жөн көрдім.

*Автор. 2013 жыл
Қызылжар қаласы*



Малдыбаевтар жанұясы. 1965-2013 жж.



Мамам, Папам, Ақжайық, Ақбаян, Шашубай, Абай,
Әлия, Алматан, Алтай, Шәкірбай, Фалия, Сәбит



БАЛАЛАРЫМ – БАЗАРЫМ

Ақжайық деп атадым тұңғышымды,
Түзедім от басымды тұрмысымды
Ажал айтып келмейді деген бар ғой,
Ұшырып алдым, әттең, жыл құсымды.

Жылдар өтіп өмірге Сәкен келді,
Сәкен келді дегенше Әкем келді,
Фұмыры оның дағы қысқа болып,
Жанбай жатып жұлдызы ерте сөнді.

Атыңдан айналайын, айналайын
Көзімнің асыл нұры Ақбаяным,
Фалымның дәрігер қызы деп атанған
Секілді жарық жұлдыз елге аяным.

Тағы да айналайын Шашубайым,
Келісті сен туған соң менің жайым,
Жасынан папасының жолын қуған
Балама жан-жүрегім тұрар дайын.

Тағы да айналайын Абайжаным,
Сендерге арналды ғой өлең, әнім,
Білім ал, жастық шақта жалқау болма,
Білімсіз ұл мен қыздың соры қалың.

Әлиям кеудемдегі жүрегімдей,
Жаз болса қаз ілдірер түлегімдей,
Ақылды, білім алған іскер қызыым,
Папаң мен мамаңның сен білегіндей.

Сәтенім, сөнді балам Алматаным,
Сен десем елжірейді шыбын жаным,
Шағында жұдырықтай оқысын деп
Есімде Қызылжарға апарғаным.



Алтайым Алатаудай панам менің,
Келісті сен тұған соң олқы жерім,
Орнықты орта жасқа келсемдағы
Сендердің қызыуыңмен білдірмедім.

Оқушы сопақ ұлым Шекірбайым
Алдында жарқыраған Шекөн айым,
«Сопақ» деп, еркелетіп ат қойғамын,
Ойнақтан шапқылаған сары тайым.

Ойпырым-ау, тентек қызыым Галым да бар,
Иншаллах, мен емеспін балаға зар,
Артымда атымды атап, сөзімді оқыр,
Ұмытпас бағып-қаққан бұл жұлдыздар.

Сәбитім, ең көпейім кішкене ұлым,
Әлі жас мамасына ерке құлын,
Маңдайын иіскемесем тұра алмаймын
Бұл сырым айтылмаған бұдан бұрын.

Дәрігер далада өскен Ақжайығым,
Аспанда қалқып үшқан бидайығым,
Қалдырғам Алматыда тамшы қаным
Таусылмас айта берсем оның жайын.

Галым Малдыбаев
1975 ж.



ӘKEME

Қайран, әкем, мейірімді көлдеткен,
Бесігімді ән-күйменен тербеткен
Ізеттілік, адалдықтың тамырын
Бойымызға сіңірпіті жөргектен.

Өлең-жырмен баптап бізді өсірдің
Еркеледім, төрде жатып көсілдім,
Соның бәрі сенің арқаң жан-әке,
Еңбегің мол ернеуіндегі Есілдің.

Содан болар жиі есіме алатын
Айтқан сөзі мұра болып қалатын,
Сендей ақын туған шығар, өлбетте,
Сенен артық әке жоқ қой ары-алтын.

Терең жетіп анамыздың парқына,
«Қарлығаш» деп таныстырың ҳалқыңа,
Аралығы жиырма төрт жыл жасыңың
Жиырма төрт жыл қалдырыпсың артыңа.

Сезесің бе, сезбейсің бе, ардағым,
Артында, әне, біраз ұрпақ қалғанын,
Шіркін, өзің ортамызды отырсаң
Азан-қазан, базар болып жан-жағың...

Еске түскен сайын сенем сөзіңе
Сағынамын, жоқтығыңды сезіне,
Өлең жазғым келеді кейбір кездерде,
Қыз болсам да, үқсағым кеп өзіңе.

Сен туралы әлі де бір жазамын,
Тағдырыңың талай тарттың азабын
Тар жол, тайғақ кешіп едің ел үшін,
Сені есіне сақтаса екен қазағым...

Дұға қылып қолым жайдым не етерсің?!

Қуатты боп жүрек бәрін көтерсін,
«Балам келді басыма, «деп тағы да»
Әкетайым, аунап түсер ме екенсің?!



Жыр - жазамын
жүректен
Жан азығы -
жүрекке ем,
Телегей-теңіз дәруі
Ақ ниет, ақ тілектен.

Жыр - жазамын
жүректен
Шыға-жүре,
ой-тұнектен
Еңсенді басқан қалың ой
Жамандықты тілеп пе ем?!

Жыр - жазамын
жүректен
Тағдыр - өмір
сыр-еткен
Қандай заман туса да
Жан азығы жүрекке ем.





ТУҒАН ЖЕРИМ

О, тұған жер, бір өзіңе арнар едім әнімді,
Бір өзіңе арнар едім жүректегі барымды.
Мөлдіреген бұлақтарың сыйдыр қағып күн ұзақ,
Арнасында толықсиды асау өзен сарынды.

Бәрі есімде балалықтың қамсыз, албырт күндері,
Әлі есімде бұлақтардың жамыраған үндері.
Асау өзен ағысындаі алға ұмтылып уақыт
Тоқтамайды өр екпінмен, зымырайды-ау ілгері.

Жасыл кілем, ақшыл көрпе кезектесіп
жамылған,
Тұған жерім, құдышетті уақытқа бағынған.
Сені ойласам елестейді жан әкемнің нұр жүзі,
Арман құған алыстағы қараашығын сағынған.

Тұған жерім айтарым көп, айтарым көп өзіңе,
Сені ойласам тұған анам елестейді көзіме.
Саған деген маҳаббатым ұшан-теңіз тұған жер,
Жақсылықты жанымдағы сыйғыза алсам сөзіме.





AHAMA

Алғаш рет мама деп,
Айтып едім өзіңе,
Қуаныштан құлімдеп,
Қарап едің көзіме.

Сенің бейнең көңілде,
Кетпейді еш есімнен.
Тіршілікте, өмірде,
Қатемді де кешірген.

Әлемнің бар асылын,
Анашыма сыйлаймын.
Көктемдей нұлы жасылым
Мәңгі сені жырлаймын.

Азиз, жаным, анашым
Бақытың сенің мен болам
Ұзақ өмір тілеуші
Өз сәбійң, өз балаң!





ТЛЕК ҚОСАМ ЖЫРЫММЕҢ

Тәуелсіздік арқасында гүлденген,
Ұлан байтақ елім мынау түрленген.
Ес білгеннен отанымды сүюді,
Қастерлеуді аға үрпақтан үйренгем.

Баршамызға бақыт берген, бақ берген,
Даламызға ғылым, білім әкелген,
Ардақты елім өзіңе жыр арнаймын,
Қалам ұстап әріп таныған сәттерден.

Армандарға шақырады жол тағы,
Ән мен жырға бөлеп тұған ортанды.
Республикам өсе берсін мереійің,
Құтты болсын ұлы тойың торқалы!





ТАБИФАТ

Қыстың қырсауынан босанып,
Керіліп, көгеріп, бусанып
Жер-ана шуақа бөленіп
Жайнайды жас қыздай, жасанып!

Аспаннан Алтын Күн нұр төгіп,
Белес пен белендер тұр бөгіп,
Тоғайлар, ормандар, сая бақ
Қаумалап, бұтағын бұр өбіп

Асқақтап айбынды қыраттар,
Ажарлы айдын көл, бұлақтар
Сылдырап, сарқырап, жарқырап
Дән-дала, киелі құрақтар!

Телміріп әр сәтін күткенмін,
Осы бір кезеңін өлкемнің,
Даламның дидарын көргенде,
Сүйемін, келгенін көктемнің!





Көктем әні көңіліме қонды ма?!

Әлде әсем гүл өсті ме жолыма

Жыр жазуға қолдағандай жан - жүрек

Көптен қалам алмап едім қолыма

Біраз жылдар үнсіз, баяу жан - сарай

Уақыт жылжып, өмір өтті бірталай

Қатты ұйқыдан шошып оянғандаймын

Ұйқыны дос қылғаным ба, бұл қалай?!

Ой үстіне ойлар туып сынаиды

Жан-жүргің бұған қайтіп шыдайды

Жастық құсы қанатынан ұстаптай

Күнде алыс ұшарына ұқсайды...

Көктем келіп, денем сергіп қалғандай

Көңілім бір арайланған ақ таңдай,

Көп тіледім, о, жаратқан, кеше гөр,

Өмірімнің ақ таңдары мол болғай!





ҚЫС КЕЛГЕНГЕ

ҚУАНЫП...

Ұлпа құміс кіл жаңа,
Жерге түсер білінбей.
Құтты болсын, жыл жаңа,
Дейді достар құлімдей.

Келгендей-ақ гүл алып,
Қыс емес-ау, жарқын жаз.
Бөбектер жүр қуанып,
Мерекеге халқым мәз.

Жау, жау, қарым, жау қарым,
Таудай болып үйіл сен.
Жердің асыл, гауһарын,
Сыйлағайсың биыл сен!





ЖАҢА ЖЫЛ

Жаңа жыл, жаңа жыр фой жүректегі,
Жаңа жыл, өмірімнің бір өткелі,
Анамның мейіріміндей аялайды,
Жаңа жылда достардың тілектері.

Жаңа жылды күтемін мен асырып,
Тілеймін баршаңызға мол жақсылық.
Жаңа жыл келген сайын есейемін,
Балалықты ескі жылға жасырып.

Құтты болсын құрбы, досым, жыл жаңа
Күлімдендер, қуанындар нұрлана.
Бейбітшілік жылы болсын жаңа жыл,
Жаңа жылға арнайықшы жыр жаңа.





Тұн. Маужыраған айлы аспан
Күміс қар жұлдыздармен жымыңдақсан,
Сырласып, ұяңдықпен үнсіз ғана
Ұзақ тұн бір-бірімен ым қағысқсан.

Жылтылдап, жасырынбақ ойнап көкпен
Баладай ойнамаған ойын көптен,
Ақша қар күміс дерсің жерде жатқан
Аянып ойлағандай «басып кетпен»

Сықырлап, ақ көрпенің үстіменен
Келеді жастар жарқын құлімдеген,
Кеудесін қытықтаған жүргегі оның
Қаланған махаббаттың тұніменен.

Жауады ұлпа қарлар ұлпілдеген
Ағаштар ақ күміспен көркемделген,
Есімде туған жердің ұлпа қары
Өзінде журмесемде көркін білем...

Талды-Қорған қаласы
1979 жыл





КӨҢІЛ, ШІРКІН!

Көгілдір көктем,
Көрінбей көптен,
Жабырқап жүрек жаралы,
Көңілді көркем
Күтемін көктен
Жайдары жаздай жамалы.
Сағыныш сазы,
Сергелдең сезім,
Адасып арман арада
Сиқырлы, сениң
Сөзіңе сеніп,
Арбалып аланда мауға.
Көмек боп көктем,
Жүрекке жеткен
Жар сала, сыршыл санама,
Шуақты күнге
Өпкізіп беттен,
Кеудеме симай бара ма!





Жастығым көңіл күәсі,
Жылжисың әркез күн асып,
Алаулап әсте тұрасың,
Сезгендей пеңде кінәсін,
Жырақтап менен барасың,
Жоқ менің оған таласым,
Қайран боп таппай дауасын,
Шарқ ұрдым көңіл даласын,
Теңшелеп ақ пен қарасын,
Куантып мені қаласың,
Нұрымен, таңның шығымен,
Емдейсің көңіл жарасын,
Әлі де жүрші жадымда,
Білдірмей өмір жаласын!





БӨЛІП БЕРІП БОЙЫМДАҒЫ АСЫЛДЫ

Қайран, жастық, бұлбұл үшқан
көздерден,
Сұлу тұлғам қалай-қалай өзгерген,
Ақ жүзімнің бұзып бүгін ажарын
Әжім, шіркін, неге бұлай тез келген.

Қылықтарым болушы еді балдай тым,
Жігіттердің есін алып алдайтын,
Кезіндегі ерке мінез, жайдары
Қайда сымбат, бозбала көз алмайтын.

Талай жігіт өлең жазып жырлады
Өзім түгіл, әнге қосып сырғамды,
Бидің тубін түсіруші ем, ортада
Жылдар менің аямапты тұлғамды.

Көк аспандай енді көніл ашылды,
Бала өсіп, той шашуы шашылды,
Қуанамын қартайғанда балама
Бөліп беріп бойымдағы асылды!






ҚЫЗЫЛЖАРЫМ!

Қызылжарым!
Қызылжарым - көріктім!
Сағынамын, жақсы сені көріп тым,
Жырақ кетсем, жеткенімше асығып
Қарамаймын парқына да, көліктің.

Қызылжарым!
Қызылжарым - қымбаттым!
Алыстардан ата - анамдай тіл қаттың,
Құшагыңа түрлі халық толтыра
Көзіндейсің ынтымақ пен сымбаттың.

Қызылжарым!
Қызылжарым - нәзігім!
Сағынамын, осы ғой бар жазығым,
Жер шарының талай жерін кезсемде
Саған жетпес менің Алтын Қазығым!!!





ЕСІЛІМ МЕНИҢ - БЕСІГІМ

Есілім - менің,
Бесігім, елім, нұр алған
Әуезді ән мен көңілді күйден құралған,
Үмітпен қарап, әр таңнан тілек тіледім
Есле берші, есліші, қыздай бұралған!

Есілім десем,
Раждайып әсем - құн кешем,
Көңілден кетпей, елес бол, жиі тілдесем
Ата - анам, қазір, алдынан құліп шығардай
Көргенде сені, ерекше, әсте, құн кешем

Есілім - анам !
Әрдайым саған келермін,
Ернеуің биік, толқының тиіп кемердің
Өзіңе асық, көркіңе ғашық адам көп
Сезімім жайлап, рахатқа сондай кенелдім!





ҚАР ЖАУЫП ТҮР...

Қызылжарда қар жауып түр күттім көп
Үйде отырмын табиғатқа тұтқын боп,
Күн жадырап, жарқырамай көк аспан
Қажет болса дағы сыртқа шыққам жоқ.

Неге сонша мениң қалам түнерді
Ағаштарды ақ қар басып түр енді,
Көңілімді торлап кейбір нала мұн
Бұл басқандай кіrbің шалды іренді.

Қай күш екен, қалың бұлтты еріткен
Күндер қайда жан-дүниемді еліткен,
Күннің нұры Кекшетаудан аса алмай
Ала көңіл болдым бүгін неліктен...



OЙ НӨСЕРІ

Сел боп ағып, ойдың түрлі нөсері
Белгілі ғой бұлт секілді көшері.
Арпалысқан сезімдердің түйінін
Жүрек емес, санағана шешеді.

Сел боп аққан сезім күйдің нөсері
Қызы емес пе ем, кекілі бар кешегі.
О, жаратқан! Есейіппін мен бүгін
Адам деген қалай жылдам өседі.

Неге адам аз-ақ рұмыр кешеді
Туа салып неге жылдам өседі.
Неге адам мәңгілік бол тумайды
Мазалайды небір ойдың нөсері.

Кейбіреулер жақсылықты көрмейді
Неге біреу мейірімге шөлдейді.
Неге адамдар қателігін кеш үқса да
Кешірім де сұрағысы келмейді.

Міне, осындай талай ойдың нөсері
Маза бермей көкейімді теседі.
Қаумалаған қалың ойдың түйінін
Сөзсіз менің ақыл, санам шешері.



БІР СӨЗІМ БАР....

Бір әнім бар айтсам даусым шырқайтын
Бір адам бар үйден даусыз шықпайтын,
Бір ағам бар көнілімді жықпайтын
Бір апам бар піскен асын тықпайтын.

Бір досым бар өп-өтірік күлетін
Бір досым бар жан-дүниемді билетін,
Бір досым бар ақылгөйсіп, көлгірсіп
Ту сыртымнан өсек айтып жүретін.

Б ір көңіл бар оңайлықпен көнбейтін
Бір жүрек бар өкпеге жол бермейтін,
Тіршілікте силасқанға не жетсін
Бір өмір ғой қайта айналып келмейтін.

22:03 2009ж





ДОСҚА НАЗ

Досым – ау, кейде кездер көп, көңіл қалатын
Қайталап жәйіт, ескіні еске салатын,
Күмәнді болып ниетің тазалығына
Қайтемін, онда көбейтіп достың санатын....

Досым – ау, сенің алдында жүрсем жаман ба?!
Қадірлей білу, білгендік мынау, заманда
Ерекше болсам, кейде бір артық талаппен
Қуансайш, досым, кесірі тимес саған да!

Байлығым да жоқ, аса бір сондай мұлік те,
Қайфым да қаріп, жүрмеймін жиі құліп те,
Ризығы бар фой, Алланың берген бәріне
Көтеріп келем, шындық па, әлде құдік пе?

Ақ көңіл берген, тәнірге мында шүкірлік,
Артық сөз айтып, жасамау керек құпірлік,
Болмаса, шіркін, бақасу, көреалмаушылық,
Туыс пен достың арасын ашқан кәпірлік.

Бұл, өмір қысқа, деседі, қамшы сабынданай
Түсіне білгін, сөзімді менің, қабылдай
Зиялы – зерек, жан – жағың толсын достарға
Зымырап заман өтеді-ау, қайран, сағымдай!

Амандық сақтап, алдыңнан тусын жақсы күн,
Қаумалап саған келмесін еш дерт жасырын,
Жарылқай гөрсін, жаратқан ием бәрінді,
Ретінде достың айтатын осы нақ сырым!!!



ДОСЫМА

*Мектеп қабырғасынан
достасқан Сабирага*

Жан досым, бір өзіңе аян жайым,
Сен десе ештеңеден аянбайын.
Сол сырлас күндер қайда, сағындым рой,
Жасырмай, бар шындықты баяндайын.

Жан досым, түсінген кім сенен басқа,
Жан тербер сырларымды білдің жатқа.
Жан досым, ақыл қосып күлімдеуші ең,
Жас жаным қателесіп қалған шақта.

1978 ж.





Достарым. Сабира, Роза, Райса, Света. 1977 ж.



Кластастармен кездесу, 35 жылдық, 2013 жыл



Білім бұлагы мен тәрбие – тәлім үясы №2 мектеп-интернатыма арнадым

Интернат, ризамын, бағып-қақтың
Сенде еді, қызық өмір балғын шақтың
Еске алып, сағынамын жиі өзінді
Елемей жерін кейде, осы жақтың.

Тәрбие, білім беріп мәпеледің
Жақсы оқып, ән салып мен еркеледім
Жасай бер, жаса менің, интернатым!
Атыңа кір келтірмейін, сөз беремін!

*1978 жыл,
Талдықорған*





ЕР АҒАЛАР

Балалық пәк сезіммен түсінді ме
Қарады суретке ол күрсіндіде,
Жауынгер ер ағасы елес қағып
Көреді оны жиі түсінеде.

Сүйікті ер ағасы қаңдай батыр
Дегендей он адамға өзі татыр,
Жауынгер суретіне қарай берер
Күшіне оның риза болып жатыр.

Кешегі соғыс жанға жара салған
Баласын күтіп жалғыз ана қалған,
Қайтпады қуанышы жүргегінің
Үмітті төтті қиял болды жалған.

... Қарады сәби үнсіз әжесіне
Біледі, қинағанын соғыс жанын,
Мандаіын жапқан оның әжімдері
Білдіреп бұл өмірдің әр соқпағын.

Біледі, шерге толы жүрегі оның
Сағынған, жан-баласын, жалғыз ұлын,
Есейіп ержеткенде ағасындаі
Болмақшы қорғанышы Отанының.

1976 жыл



ТУҒАН КҮНІМ

Тұған күнім, менің бүгін
Қуанышпен толғанамын,
Шыныменен он жетіге
Толдым ба деп таңданамын?!

Кеше ғана қуыршақ ұстап
Жүруші едім жүгіріп,
Енді, міне, »салмақты бол,«
Деп айтады күн күліп.

Он алты жасөспірімнің
Соңғы жылы, түсінем
Он жетіге толдым бүгін,
Қуанышпен күрсінem.

Жастарға сен әрқашанда
Жас өмірдің белгісің,
Он жеті жас сен мен үшін
Есейген шақ секілдісің.

Қош, айтамын балалыққа
Келді деп мен қоштасар кез,
Қимастықпен қала берер
Деген оймен есейдің тез.

Тұған күнім, менің бүгін
Тұған жырым күзбенен,
Құттықтайды құрбыларым
Жиырма алтыншы августпен!

Өмір күтем болашақтан
Бақыт пенен махаббатты,
Алдыңды әлі «он жеті көп»
Сол өмірдің бір таңы атты!

1978 жыл

Бала тәтті, бала тілі бал деген
Ата-ана ғой бар жақсыны қөздеген,
Ұл туғанда үйде ұлken қуаныш
Одан артық жақсылық бол көрмеген.

Бебегіне елжірейді анасының жүрегі
Қартайғанда апасы мен атасының тірегі,
Жігіт болған кездерінде ұмытпай-ақ әрдайым
Сөзсіз, оның туыстарын есіне алып жүрері.

Жақсы жігіт болсын бала, өнегелі, салмақты
Ғұмырлы бол, еңбек етсін, білімі де жан-жақты,
Елі сүйген ер-азамат, мерейлі бол ұлыңыз
Масаттанып, қуанышқа кенеліп-ақ жүріңіз.

Тілек көп қой білдіретін, жеткізе алса тіліміз
Бейбітөмір болсын бізде, жарқын болсын күніміз,
Терезесі көңілімнің тең бол тұрған кезімде
Бар жақсы үшін балаңызға тілектес деп біліңіз!





САҒЫНЫШ

Жас жүректі жалындаған
Толғандырып көп ойлантқан,
Үміт пенен құдік толы
Сағыныш екен армандаған.

Қол ұстасып біз қыдырған
Елес қағып сол бір күндер,
Сырласатын қызықты кеш
Көз алдынан бір үзілмер.

Есіме алсам сол бір кешті
Елестейсің құлімдеп сен,
Үзіледі ыстық тамшы
Жанарымнан мөлтілдеген

Сағыныштың ыстық жасы
Ақ бетіме жолын салар,
Сол сағыныш мәңгілікке
Жүргімнен орын алар.

Құлімдеші, қос жанарым
Кездесерміз, әлі, жаным
Мәңгі бірге болуды мен,
Сенен қутем, болашағым!

1979 жыл





Көлден үшқан құрағым,
Билейсің мың бұралып,
Тұла бойың тұргандағай
Тек жақұттан құралып!
Қандай тәтті қылышың,
Жақсысы мол қырыңның
Адал көңіл, ақжарқын,
Кетсендे сен есейіп,
Жолда қалар жүрелеп,
Отызың мен қырығың!

Еркем едің сен!
Еркеледің сен!
Ертегімде сен!
Ерте күн де сен!
Ерте гүлдесең
Ертеңім де сен!

Көлеңкелі орманым,
Арқа сүйер қорғаным,



Ұзақ өмір сүргей деп,
Келеді әркез қолдағым,
Шүкір, жол жоқ кесілген,
Сұрақтар мол шешілген,
Ризамын фой өзіңе,
Қатемді де қешірген...
Балдай сөзің бойымды,
Жайлап алды жарқыным
Сен болмасаң, кім үшін?!
Мың бұралып, алқынып,
Билеп, сөйлеп, ән шырқап
Жарасады қылымым,
Таңдандырып құрбымды,
Білдірмесем өзгеге,
Кейдегі бос кірбінді.

Еркең едім мен!
Ертегің де мен!
Ертеніңде мен!
Еркеледім мен!



Москва. Үлкен театр



1966 жылы.



Сәбит Малдыбаев, Түркия

IHIM СӘБИТКЕ

Туган күніне арналған

Дүниеге сен келгенде, шуақты күн
Жарқырапты жаққандай шырақты мың,
Шілдехана күзетіп жеңгелерің
Шашу шашып туыстар шулапты тұн.

Папамда жасырмапты қуанышын
Көңілге тоят болған жұбанышы,
Мәпелеп еркелетіп өсірді фой
Сен болып, тілегі де, сұранышы.

Сәбит атаң, елге силы жаны жақын
Маңдайыңнан иіскепті қайран ақын,
Әкемді қадір тұтып, зор сыйласқан
Куәсі достырының, сенің – атың.





Әлі есімде томпаң қағып жүгіргенің
Сол кезде "ауыр" еді-ау жүгім менің
Сені ойнатып, жұбатып, ертегі оқып
Армансыз бал дәуренге жүгінгемін.

Кетсекте біз есейіп, мың қыр асып,
Шаңырақты өсем әнге толтырасың.
Қырықтың қырқасынан ассандығы
Әлі де сол кезіндей боп тұрасың...





ЖЕҢЕШЕМ ГУЛНАРҒА АРНАДЫМ

Сен түскенде жан-ұымыз
Жасымыз бен көриямыз,
Кек аспаннан ай түскендей
Өзің болдың жариямыз.

Шашу шашып қарсы алдық
Бір адам жоқ жай қалған,
Жастар біткен саған қарап
Таңданып бас шайқаған.

Ақ көйлегің әлі есімде
Ұзын қара шашың да,
Желегіңді самал тербел
Ағам келді қасыңа.



Тойдың әні, сәні де есте
Бүкіл ауыл шулаған,
Ата-анам өзер басып
Жүректерін тулаған...


Жылдар жылжып, біз есейдік
Сен де ұлғайдың жеңешем,
Жаны жайсан жақын жанға
Артық болмас теңесем.

Өмір осы қатар тосқан
Қуаныш пен қайғысын,
Той өткізіп, дүға оқыттық
Айта берейін қайсысын.





Ұзақ ғұмыр тілеп саған
Еңбегінді бағалай,
Шаңырақтың туын биік
Көтергейсің Каляляй!!».



женгемнің ерке аты



2012 жыл.



Жиенім Алмаздың қызына арналған

Ой, ерке қыз, Айлана!
Жүгіресің айнала
Қол созасың әупілдеп
Күнге ме, өлдө айға ма?!

Көңіліме жаз қонып,
Жүргіріме саз толып,
Қуанамын өзінді
Көргенімде мәз болып.

Әлі-ақ өсіп кетерсің,
Тілеуіңе жетерсің,
Жылауыңды қоярсың
Тәттіге сен тоярсың.

Сүйкіміңнен айналдым,
Қылышыңмен байланым,
Көргім келіп тұрамын
Соған өзім қайранмын!





ЗАМАНДАСЫМ ГҮЛБАҒИРА ӘБЕҢҚЫЗЫНЫҢ ТУҒАН КҮН КЕШІНЕ АРНАЛҒАН

Қыз желегің желкілдейді басында
Тұғандар мен жолдастарың қасында,
Бүгін сенің туған күнің кешінде
Ән мен күйден шашып жатыр ма?!

Жастық шақтың бізге дәмі татыр ма?!
Қыздың жасын сұрамайды батыр да!
Өтіп жатыр талай уақыт қарасаң
Мен өзіңмен танысып ем театрда.

Сенбеушілік танытқандай ойың бар
Салқын қарап, тақаппар ақ қайындаі,
Ниетімнің түзулігін, достығын
Енді, міне, түскендейсің, байымдай.

Достарың көп болсын, осы өмірде
Дүниеде денсаулық та - көнілде,
Ақылыңа көркің сай боп әрқашан
Бақытсызың, жамандыққа жеңілме!


Қолымдағы жақсылықты жасайын
Алқынғаның жүргегіңнің басайын,
Бәрі жақсы, мол дастархан, ақ тілек
Мен де саған жырдан шашу шашайын!

16 акпант 2004 жыл



*Жақсылыққа жүремін көбін балай
Куанып та, сыналып келем талаі,
Ақылымның астынан пана іздейді
Жүрегімнің түбінен туған арай.*





КӨҢІЛ СЫРЫ

Саған деген ақ тілегім, сезімім шын жүректен
Ой толқыны сан түрлі боп санамды да жүдеткен.
Айлар күтіп кездесуге өзіңменен асықтым
Түсінбедім жүрегінді жайлады ма, мың өкпең

Өмір өзен, мүмкін енді кездеспей де кетермін
Көріп сені түсімде мен үмітіме жетермін
Өзі ісіме өкінішті болғым келмей қиналып,
Сен туралы пікірімді өзгертумен өтермін.





Сені көргім келеді,
Сені көргім!
Сенің ғана соныңнан
Келеді ергім,
Көркем, тұнық, көзіңе құштар болып,
Саған ғана, келеді
Еркелегім!
Саған сенгім келеді,
Саған сенгім,
Сенесің бе?!

Көз алдында тұрады елесің де,
Қайғы-мұңым тұншығып қалар ма екен?!

Жүзіп кетсек өмірдің кемесінде,
Сені сүйгім келеді,
Сені сүйгім,
Жүрегінің отына келеді күйгім,
Жастығың ба, білмедім, мені өртеген,
Түкпіріне көңілдің
Келеді түйгім!



Кездестім сол бір жанға күз кешінде
Күтпеген кездесуім әлі есімде,
Қайталап әсте оған қарай берді
Күткендей сұрақ, жауап бермесемде.

Өзінді саялы кеш ұннатьырган
Күзгі түн өткенімді ұмыттырган,
Кеудемде ерке сезім, нәзік сезім
Сол сәтте жүрек үнін ұғып тұрғам.

Қос жанар жүрегімнен орын алған
Сол жанар талай жанға нұр арнаған
Білсемде бәрін іштей кешірдім мен,
Өзіңе махаббатым оянғаннан.

Күтпеген кездесуім - жүрек жырым
Кеудеме ұялаған ән мен жырым,
Жас жаным қастерлеген сол бір бейне
Қалар ма, әлде менің болып мұным...

1980 жыл





Сүйіктім, сені ғана сағынамын
Өзіңсің өзгеше бір ой- арманым,
Кездесер күнге қашан жетемін деп
Көргуте сені күнде асығамын.

Махаббат! Неткен ыстық, мөлдір едің
Мен сені осында деп ойлап па едім?
Сүйіктім, махаббаттың қүш- тірегі
Болсын тек арамызда шындық сезім.

Басқаға көңіл бөлмей аңсағаным
Кездесер күнге менің асық жаным,
Тек қана өз сөзінде тұра алсан,
Шын сүйем, сенші маған, асыл- жарым!

1980 жыл





Еске алсам мөлдір көзінді
Жанарға толып елесің,
Сағындым фой өзінді
Сүйіктім қашан келесің?!

Күтемін жетер қашан деп,
Кездесер күннің елесін
Жүргегім толы сағыныш
Сүйіктім, қашан келесің?!





Қытайдағы досым Бақытқа

Ақ жүзін солып жүр, айнам,
Жабырқап, жаным, мұңайма,
Кездесу үшін екеуміз
Табайық әркез мың айла.

Өмірдің кейбір кезеңі
Түпкірін ойдың кезеді,
Сондада, күнім, мұңайма,
Күлімде, қайғың безеді.

Үміттің отын җағайын
Көңілінді аулап бағайын,
Әніме, қосам, мұңайма
Қуантып сені жан-айым!





АМАЛ ҚАНША

Екеумізге болғанда ортақ махаббат,
Естіп тұргам жүрегіңің дүрсілін.
Еңді, міне, жүрсөнде сен алыста,
Құлағыма келгендей боп жүр сол үн.

Қос жүректер бірге соққан аялай,
Сыңарыңсыз қын екен, сағындым.
Екеумізді екі бөлген аямай,
Амал қанша, тағдырыма бағындым.





*Сабыр боп, шүкір етем бүгініме,
Зәрем ұшып қорқамын тұңғылуғе,
Құлап-тұрып, жылап-куліп
жүргенім бар,
Жаратқан жазбаса екен сүрінуге!*

*Жаратқан жазбаса екен сүрінуге
Жақсылық бар екенге күдігүге,
Бойыма құйып-төгіп жігерін бар
Абдырап, жамандыққа кідіруге!*





Үлым Тимур мен үлымдай көретін Талғат



ҰЛЫМ ТИМУРҒА

Сен туғанда теңесті қос қанатым
Шарықтаған бақыттым бар болатын,
Айқын арман, самғар сезім -- өмірде
Жарқын тілек өзіне арналатын.

Өстің, шүкір, жігіт болдың, тентегім
Сенсің енді, үмітім де, ертеңім,
Жалғастырар ата-жолын, ұрпақты
Шаңырақтың шаттығысың, өркенім!

Абыройың зор, жолыңа өссін гүл біткен
Шықсаң шыңға, бір көрге үздіккен,
Намыс пен ар, сезім, сенім, төзімді
Адам болып, санаң толық біз күткен.

Бұрынғыдай шырқалатын ән қайда
Талай тиғен тауқымет көп таңдайға,
Жоқтатпауға тырыс бізге ағаңды
Симай кеткен, мынау, сорлы маңдайға.

Жырмен бірге тамыр алған үнімсің
Сенім артар жалғыз менің ұлымсың,
Елім, жүрттым, қадірі бар әuletім
Жағалауда ізім бар деп ұғынсын.





Дәмін әлі білмейміз, немеренің,
Берсе, тәнірім, бақыт қой, не дегенің ?!
Маңдайынын иіскеп бір, рахаттанбай
Көргеніңнен көп болар көрмегенің....

Көңіліңнің орта жерін жаастырып,
Жылу мен мейір төгер таластырып,
Адал қыз, жөні түзу, ниет дұрыс
Жалғыз ұл жүрсе керек, қаастырып

Ішімнен қайталаймын күнде тілек,
Дайындаң тұрмысымды, түріп білек
Үмітім де, жалғасым, жалғыз ұлым
Болар деп, арқа сүйер, мықты тірек!





Ұзілген алқа

Новелла





1974 ж.



Актер Біржан
Жалғасбаевпен бірге,
2008 ж.

ҮЗІЛГЕН АЛҚА

Біздің ауыл ерке Есілдің бойында, жан-жагы орман-тогайға толы, жайқалған дала гүлдерінің хош ісі аңқыған, көл-көпшігі тағы бар жағалауда орналасқан.

Ауылды қоршаған қыз мұсінді теп-тегіс, мінсіз сұлулығы күннен күнге, бұрынғысынанда артып, құлпыра түскен ақ қайың.

Жүректері жан жылуына толы ауыл адамдарын көрсөн, көнілің тоятындан бір ерекше қүйге енесін.

Тұып өскен жер, естен кеттес елестей бол, жадымызда сақталып қалған сол бір балалық шақ, сондағы оқушылық өмір, неткен қызықты, неткен қымбат!

Өмір жолдарының қалыптасуына баға жеттес аяулы ата-анамыз, арайжұз мұғалімдеріміз бен силы, салиқалы ауыл адамдары, сұлу табиғат, киелі туган жер топырағы - бәрі-бәрі ізгілігін себеді.

Арман да, үшқыр қиял да, мақсат та, кейдегі бір бұлдыр сезімталдық та, бал-бала шағында басталатыны айдан анық.

Жасөспірім балаң көнілдің жұптасқыштылығынан ба, әлде ақ көніл, пәк жандылығынан ба, әйтеуір, қыз-ұл демей тез арада достасып кетуші едім.


Тіршілік тынысының тамырына тірек болған жадыраған жаз айы еді.

Ауыл ішінде жергілікті мәдениет үйінде түрлі қойылымдар қойылып, ауылдың рухани тірлігін жандандыра түсіретін шаралар да аз емес-тін.

Сондай бір тамылжыған жаз айында, ауыл ішіне Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды халық театры гастрольдік сапармен келмекші деген хабар тарады да кетті.

Ата-анамыздан тоғыз ағайынды, ән-жыр десе, ішкен асын жерге қоятын, өнерге ерекше, көш жақын тұратын ағаларымның бірі, сол ауыл мәдениет үйінің менгерушісі-тін.

Бірақ, ауыл іші ауыз-екі сөзбен клуб деп кеткенбіз. Бала көніл қуана күттік.



Көгілдір автобус, айналасы ат шаптырым аумағы бар клубтың жанына барып тоқтады. Көптен күткен әртістер де келіп жетті деп, ел тұрғындары іңір түсө, жапа-тармағай клубқа жинала бастады.

Жалпы, мазмұны махаббат жайлы, «Досымның үйленуі» атты спектаклі, сондай әсерлі шықты. Махаббаттың ауылы алыс болғанмен, бұлдыры сезім түбінде мөлдірліктің барын әбден сезе бастаған кезім.

Ел ішінде қонақ үйі бола қоймайтыны көбіне белгілі жәйіт. Осы жолы да әртістерді екі топқа бөліп, осындағы болатын үйреншікті жағдайларын жасап, ауыл басшылығы мен біздің үйге қыздар жағын жатқызды. Әкем жылда баратын демалыс, курортында. А나ам бар жылы-жұмсағын олардың алдына тартып бәйек.

Қыздардың бәрі мен үшін, ай десе аузы, күн десе көзі бар, бірінен бірі өткен, өте сұлу бол көрінді. Талабына талантты сай, жап-жас, әдемі өрілген қос бұрымдары қеуделерінде билеп, қарақат көзді, аққу мойын қыздар, күлген сайын ажарлана, сұлулана түскендей.

Жасымнан ән-күйге жақын, а나амның әнімен тербеліп өскен мен де, осындағы әртіс болсам неткен бақыт деген ойлар жан санамды жаулас алғалы қашан. Мектеп табалдырығын аттағаннан, сол бір кішкене сахнада ән салып, өнерге деген құштарлығымның өсіп келе жатқан кезі.

Әртіс қыздардың бірінің көйлегін, енді бірінің шашқа, құлаққа таққан неше түрлі сөнді бүйімдарын, жақындан бір көріп, ұстап бір көріп мәзбін.

Ертесіне, күн шыға, а나ам буын бұрқыратып етасып, дәмі таңдайынан кетпейтін, қаймақ қатқан күрен шайын да әкеп үлгерген. Осы сәтте, үйге, орта бойлы, ақсары, әдеміше келген, шашын соңғы сөнмен қойран, кешегі спектакльде ойнаған жігіт келіп кірді. Сәлем беріп, қыздардың жағдайын бір біліп қайтуға келгендерін айтты. Шай үстінде әңгіме дүкен құрылып, қыздар жағы өзілдесіп, күміс күлкіге ауланы бөлеп жатты.

Мен де, көнілдегі мақсат пен арман бір тілектің бойынан табылғандай, іштей қуанып, осы қыздардай болсам деген оймен, тілектес болып қыздардың жанынан табылдым. Бір кезде, әлгі әртіс жігіт маған мойынын бұрып:

- Сен, кеше тым ерте жатып қалсаң керек, тунде келіп, қыздарды көріп, спектакльдің қалай болған-дығын сұрайын деп, әрі ысқырып, бері ысқырып, сен шығып есік ашар ма деп, тұрып-тұрып қайттым, -деді.

Бала көніл, шала қызы көніл мен, аң-таң болып қалдым. Шынымен, солай-ақ болғаны ма деп, жәудіреп әлгі жігітке қарай бердім. Олдағы сахна төрінде түргандай, образға кірген актердей, тіпті жандыра сөйледі.

- Иә, мектеп бітірген соң, қандай мамандық таңдайтын болдың, қарындастым? – деп сұрады.

Кекірегімде түртіп қалсаң шашылайын деп түрган, тұнып түрган ой-арманымды бүкпесіз, адал, ақ көніліммен алдына жайып салдым.

- Мен қыздар сияқты, сіздер сияқты актриса болғым келеді, ән салғанды өте жақсы көремін, мүмкін, киноға түсуденде бас тартпаспын, - дедім.

- Ой, міне қызық, қандай жақсы қызсың өзің, өнердің жолында журу оңай емес, яғни, сен бұл мамандықты өте жақсы көруің болу керек, жақсы, - деп, маған бастан-аяқ, бір сынағандай көзқараспен қарап қойды.

- Ал, ондай болса, осы күннен бастап дайындық жасау керек, өнерпаздық үлкен жұмысты қажет етеді. Бүгін болам, ертең олай болмаймын деуге келмейтін мамандық. Емтихандарының өзіде оңай тапсырылмайды және бір эпизод көрсетіп, әдемі өлең де дайындағаның жөн, - деді.

Мен, ойымды түсінгенімен қоймай, өзіндік маған сөзбен болса да, жәрдем жасап жатқан мына жігітке, тіпті, жүргім иіп, әп-сөтте жақсы көріп қалдым.

Бала көніл, шала көнілге осы да жетіп жатыр.



Біраздан соң, ол менің қандай әндерді сүйіп айтатынымды сұрады.

Мен тағы ағымнан жарылып, бар білетін жаңасы мен ескісін араластыра, көп әндерді білетінімді айтып, енді біреуін бар күш-құдіретімді төгіп айтқандай болдым. Кешкісін екінші спектакльді тамашалауға тағы клубқа қарай жүгіре жөнелдім.

Ерте ояндым. Бұғін актерлардың гастрольдік сапары аяқталып, кететіндерін есіме алып біраз қынжылдым. Мен үшін әлі де бола тұрса деген ой санама өрлегендей. Бірақ, олай болмайтынына көзім жетіп тұрды. Кешегі әртіс жігіттің соншалық маған назар аударуын да, өнер жолын егжей-тегжейіне жеткізіп, бірталай түсінік беруін де, өзімше, басқа бір сезім жетегіне ере бастағандай, бұған дейін түсініп болмаған бір белгісіз сиқыр сезім бойымды баурап алғандай сезіндім. А纳амның тәтті тамағына отыра бергенде, кешегі жігіттің қақпадан кіріп келе жатқанын көріп, ішім жылып қалды. Мүмкін, менімен қоштасқалы келген болар, не айтады еken, деген сиқыты, сан түрлі сұрақтар да, мұнар сезім де, бәрі бір сәтте мені шыр айналдыра қалды.

Қыздар жағы сол бәз-баяғы қалпы, күміс күлкі, әдемі әзіл мен бірін-бірі көптен көрмегендей шұрқырасып жатыр.

Біздің үй, елден ерекше шетте тұратын. Аула тап-таза, кек шөп. Жан- жағының бәрі өсімдік, ағаштар, қайың мен үлкендей үйдегі үйеңкі. Ауасы қандай дерсің?! Әкемнің Қызылжардан арнайы қидырып әкеліп салған қарағай үйін көріп, сол кезде тамсанбаған адам кемде-кем десем жалған айтпасын. Ауыл ішіндегі көркемділігімен келіскең, ерекше үй, алыстан мен мұндалап тұратын. Маңайдың тазалығы, көрер көзге көркі де, ардақты, орны мәңгі толmas әкемнің еңбегі.

Көкжиектен көтерілген алтын шапақ күн шуағымен бірге, кек шалғын шөпті жалаң аяқ басқан қыздар, сондай сүйкімді, бұрынғысынанда ажар-

ланы, құлпыра түскендей. Астан соң, қыздар жағы жаппай жолға дайындала бастады. Ал қонақ жігіт маган қарай беттеді. Мен де не боларын күткендей оған қарап тұрдым. Жаныма жақындаі келіп:

- Галя*, сен сонымен актриса болуды шынымен үйгарсан, мен саған оқуға түсүіце, қол ұшын беріп, қөмектесуге дайынмын. Есінде болсын, Кеңес деген ағаң барын ұмытпа, - деді. Мен үнсіз тындаым. Эрі қуандым, әрі қиналдым. Содан соң ол:

- Иә, айтпақшы, сен енді төрт жылдан соң мектеп бітіреді екенсің фой, ондай болса мынаған келісейік, мен сени 1978 жылы 15 шілдеде сағат 12 де, Мұхтар Әуезов атындағы театрдың алдында Алматыда күтtem. Амандық болса, келуге тырыс. Мүмкін, бағың жанып, бәрі біз ойлағандай болып қалар, - деді.

Мен төбем көкке екі елі жетпей қалғанын, жалпы осы түсініктің шын мәнісін, сол сәтте толық үққандай болдым. Қуанғанымнан оны құшақтай алдым. Ол да, менің соншалық қуанғанымды көріп, ерекше бір ерлік жасағандай өзін сезініп, маржандай ақ тістерін түгел көрсете күлімсірей берді.

Не деген әдемі сәт!

Өзі қолы жеткен мамандықтың, біреу үшін қолжетпес арманына, қолжалғап жіберуге жәрдем бергісі қелгенінің өзі де ерлік пе, қалай?!

Қош айтысып, ақылды, әдемі қызы болып өсуіме тілекtes екенін білдіріп, шарбақтың сыртындағы автобусқа қарай бет бұрды.

Кенет, ол жалт бұрылып маган:

- Галя, енді сен төрт жылда үлкен қызы боласын, мен сени қалай танимын, біреулермен бекер шатастырып алар ма екем, ә?! — деді де, тездетіп, мойнындағы, алдында мен көріп жүрген, жіңішке сымнан тоқылған әдемі шынжырша-алқасын* жедел шешіп, менің мойныма таға бастады. Мен аң-таң болып тұрып қалдым.

Галя* - үй-ішіндегі ерке атым

Шынжырша-алқа* - цепочка (орыс тілінен алынған)



- Мен сені осы арқылы танитын болам, армандаған оқуыңа түскенше жоғалтпа! - деді де, автобусқа жүгіре жөнелді.

Автобус алыстай бастады, мен қол бұлғап оның соңынан біраз жерге дейін жүгірдім.

Қиял-арманым сол автобуспен бірге алыстап кетіп бара жатқандай болды. Солай бола тұрганмен, мойнымдағы шынжыршадан бойыма бір жылу тарагандай.

Бұл кез сонау жетпіс төртінші жылдар еді. Бір сәт, маңайдың бәрі сілтідей тынып, құстар да мұнды дауыспен ән салғандай болды мен үшін.

Уақыт дүлдүл, жалын самал сипаған, сусылдан, шапқан аттай зулап өтіп жатыр. Қандай қызық бала-лық дәурен! Қолеңкесіз есіл күндер еді-ау ол да бір!

Мектеп бітіретін кезде алыс емес. Біліммен су-сындаған алтын ұя мектеп-интернатым, ардақты үстаздарым, бәріне ризашылығымызды білдіріп, ұядан үшатын кезде келіп жеткендей.

Менің нәзік арманым әлі де санамда, ал алқа-шынжыршамның сырьы бүкіл дос, жолдастарымның бәріне аян. Төрт жыл бір сәтке де шешпей ұқыпты тақтым. Үшінші тоқсан аясында көктем каникулына, үйгеде жеттім. Ата – анам қуана қарсы алды.

Қайран, баға жетпес өз үйім!

Әке-шешемнің иісі сіңген хош үйім!

Бұл күндері аудан орталығына көшіп, бар жағдайлары жасалған. Бұрынғы елде қалған, еңсесі биік, иісі хош қарағай үйдегі болмаса да, ата- анам отырған жердің бәрі мен үшін жұмақ.

Каникулға келгенде үйреншікті әдетпен анам екеміз шай үстінде, әңгіме айтысып, сыр шертісіп, түннің бір уағына дейін отырушы едік. Қайран, алысқа, келмеске кеткен сол күндер!

Сондай бір кеште анам маған:

- Аттестат алатын кезінде келіп қалды, қызыым, қандай оқуға түсетін болды? Әлгі әртістікті қойған шығарсың, ақылың бар баласың рой, ондайды айтпа,

әкең елге елеулі адам, атақты адам, ренжітпе, ол оқуды таңдасаң қатты құйзелетін болады, - деді.

Мен үндемедім. Ішімдегі ойымды оқығандай болып анам тағы:

- Баяғы әртіс жігіт күтеді деп ойлама, ол әлдеқашан үйленіп, үйлі-баранды болған шығар сірә, сен есінен шығып кеткенде шығарсың, қайтесің, әртіс болу оңай емес, жанұяңың беріктігі әрқашан сынақта болады. Бір күн анда, бір күн мында жүрудің өзі әйел балаға келісе бермейді, одан да сот оқуына тұс, мінезіңе келісті, сен өжетсің, батылсың, пысықтығың да кем емес, анасына баласының мінезі мәлім, әрі сын болар, менің тілімді алсаң далада қалмайсың, - деді.

Бір уаққа дейін өз ойымды ортаға салып, оңайлықпен берісе алмайтындығымды, он жыл бойы армандаған, ойлаған ойымды, қалай да болса, жақтап, сақтап қалуға тырыстым.

Біраздан соң анам былай деді:

- Ал, солай-ақ болсын, жарайды әртістің оқуына бара ғой, бірақ тұсу қабілетіне сенімің қандай?! Әртіс болу үшін талант пен талапты бері қойғанда, жүзіңің сұлулығы да ең бірінші шарт, әлде екінші қатардағы көптің бірі болайын деп пе едің?! Сол қатардың өзіне де кіру оңай болмас, сұлулығың жоқтың қасы, ертең ел-жүрттың алдында ұтты болып, конкурстан ете алмай келсөң, бетіңмен жер баспаймысың, менен басқа ешкім саған турасын айтпайды, - деді.

Біреу тас тәбемнен бір салғандай, бойым суып кетті. Төр үйде тұрған, сол кездегі керемет айналардың бірі трюомога қарай тұра жүгірдім.

О, тәңірім! Айнадан маған, шашы, қасы, кірпігі жирен түсті, көзі сұрлы жасыл, ерні дүрдиген, мұрны тәмпиген, өң-түсі ешкімді де селт еткізбейтін, сары қызың қарап тұр.

Масқара! Осы түріммен расында актриса болам деп ойладым ба?! Ал, боянсам қалай болар екен деген ой сап ете қалды. Мүмкін, сахна сұлулығының қыр-



сырын білетіндер, мені де қырлап, сырлап сахнаға шығарар, ә?! Кім білсін... Жылап жібердім. Тұннің бір уағына дейін, ешкімге білдірмей жыладым. Мені әдемі қып тумаған анама да өкпем қара қазандай бол ызалаңып жыладым. Сол тұні он жылғы ой-арманым «киноға түскен» кезімде өз-өзімді сыртымнан та- машалайтын елес бол жүрген қиялыммен, бәрімен, бәрімен іштей еріксіз қоштастым.

Каникулда аяқталды. Мектеп-интернат қайдасың деп, облыс орталығына тарттым. Басқа оқуға түсуге белімді бекем буып, артта қалған арман-кештерге бұрылып қарамауға тырыстым.

Көп достарым менің шешімінді таңырқай қабылдады. Негізгі басты себебінің көзі неде екенін айтуда аузым бармады.

Оқушыллық ізгі істермен қатар, махаббат жас жалыны жүректерін шалған балаң жігіттердің маған деген назарлары аз емес-тін. Мүмкін, осыныңда ойла- сам керек, консерваторияға бармайтынымды бір-ақ сөзben қысқаша достарыма түсіндірген сымақ болдым. Көбін көздерін төмен түсіріп, бір мезет ойланып қалғандай сыңай танытты. Бірақ, осымен бәрі үзілді-кесілді бітті!

Төртінші тоқсан да аяқталуға таяп қалды. Ал- дымызда мемлекеттік емтихан, қаулап өскен қарбыздай толы. Дайындық үстіндеміз. Уақыт емши де- седі. Қашама шырмауық ойға шырматылып, тубіне жете алмай, талығып барып ұйықтаған тұндер қан- шама?! Сондай тұндердің бірінде, мен мойнымдағы шынжыршамның жоғын аңғардым. Селк ете түстім. Орнымнан ұшып тұрдым. Бұл не?! Раждайып құбылыс па, әлде сиқыр ма?! Он қыз жататын интер- нат бөлмесін әрі-бері қарап, кереуettің астын-устін астан-кестенін шығарып ізdedім. Қыздарда іздесті. Екі күн ізdedік. Ушті-куйлі жоқ. Қалай, қайда түсіп қалғанын білмеймін.

Міне, ғажап! Бойтұмардай болған, төрт жыл бойы мойныма тастамай салған шынжырша-алқамның ал-

да-жада жоғалғанына сенгім келмеді. Әйтеуір, осы өмірде бір көрсем, ақсары әртіс жігітке мақтаныш қылып көрсетермін деген ой-үмітте лып етіп сөне қалды. Сол шынжырша алқаммен бірге арманым да, мақсатым да, қиялым да, ақсары әртіс жігітте, бәрі бірдей, бір тұнде жоғалғандай болып, егіліп тұрып жыладым. Сол сәтте аспандағы ай да мені аяган шығар...

Қамқорлығы мен жақсылығы мол, сөзбен айтып жеткізе алмайтын алтын-ұя мектебім! Мен сенің алдында тіршіліктे бас иемін!

Ержетіп, студенттік өмірдің табалдырығын аттаған едік қуана-қуана.

15 шілде сағат 12-де 1978 жылы мен Талды-Қорған қаласына келдім. Оқуга келдім. Анамның сезін жерге тастамадым. Осы күні дел-сал, неше түрлі шыт-шытырман ой ортасында күнді өткіздім. Ақсары, әртіс жігіт келді ме екен?! Әлде жоқ па ?! Күтті ме екен?! Әлде жоқ па ?! Қалың ой...

Арада жылдар жыландаі жылжып өтіп жатты. Мен де өмірден өз орнымды тапқандаймын, аллаға шүкіршілік!

Оқуымды тамамдал, мамандық иесі болып, үйлі-күйлі, балалы-шагалы бол, бір үйдің отанасы, керегемнің бір жағын еркін көтеретін күште жинап алғандаймын. Ол да жаратқанның бергені. Оған да шүкірлік. Талай отырыстарда, қонақтарда, небір дос-жаран, туыстың ортасында әнімді әлі де айтып жүрдім. Кейде бір достардың «Фалия, сенің таланттың бір кісідей бар-ау, неге әнші, актриса болмағансың» деген сауалдарын естігенде, көкірегімнің бір тубінен сол баяғы ақсары әртіс жігіт құлімсіреп бас көтереді.

Ондайда, «Өмірдің өзі сахна, біз бәріміз де әртіспіз ғой» деп, ұлылардың айтқан сезін қайталап қала берем. Дегенмен, әділет қарамағында талай жыл қызмет атқарсамда, менің орындалмай қалған ойларыма, жетпеген мақсатыма жеткен, жалпы актерлар ортасында қызмет істесем қайтесіз?! Ол да тағды-



рымның мен үшін жасаған жақсылығы шығар. Қолы жетпесе де, көңілінен шыққан ортада бола тұрсын дегендей. Олардай болмасамда, солардың жүрген жолында кішкентай да болса ізімді қалдырым, өз жұмысым бойынша. Актер-актрисаларға жұмыс барысымен бір табан жақын болым. Уш жылдай облысындағы алғаш рет ашылған Қазақ сазды-драма театрында директордың орынбасары болып қызмет атқардым. Кейде сұлулығы сондай да бір, ешкімнен артылмаған, кәдүілгі қарапайым актриса қыздардың жолдамамен театрға жұмысқа келгенін көргенде, о, тоба, баяғы өзімді айнадан көріп жылаған түрім кез алдымға, бір өзгермей айна-қатесіз тұра қалғандай! Бір таңқаларлық жағдай, кейін талай еразаматтың, менің келбетімнің бір кісідей өзіндік сүйкімділігінің барын өлеңге қосқандары да есімде. Сол кезде анамның, менің бұл мамандықты таңдамауыма сұлулықтың жоғын жиі айтЫП, сөзбен көбірек «үлес» қосқанын енді түсінгендеймін.

Көсілген күрең күз. Жан-жақтың барлығы қызыл-қоңырдан, сары-ала түстен құралған тұз кілемдей. Қаламындағы театрдың жанынан өте беріп, үлкен рекламаға көзім түсе кетті.

«Қарағанды халық театры гастрольде». Бір сиқыр ой қеудемде шарқ ұра жөнелді. Сол, баяғы ақсары әртіс жігітті бір көрсе, қандай болды екен?! Мүмкін, осы труппамен келгенде болар, деген ой, шым-шытырық бол миыма кіріп, тып-тыныш жатқан санамды ойрандата бастады. Онда түрған не бар?! Өмірде кездесу бар, қоштасу бар. Кезігу бар, сезіну бар. Ол осы өмір деген түсініктің аясына сиятын құбылыс емес пе?!

Мен театрға бұрылдым. Алдымнан, менің орныма қызметке келген, ниеті таза, амандығы дұрыс, жайрандап директордың орынбасары шықты. Мен қысқаша гастрольге келген театрдан кімдер барын сұрадым. Ақыры, сол жылдары келген труппадан, осы жолы Макең (Махмуд) деген актер келсе кере-

гін білдім. Ол кісі біраз ойланып, сол жылдардағы актерлардан кім бар, кім жоғын ертесіне айтуды жөн көрді. Мен ризашылығымды білдіріп кете бардым. Ең бір таңданатын жағдай, уақыт па, әлде деңсаулыққа байланысты шаралар мен дәрілер ме қайдам, іздестірген ақсары әртіс жігіттің атын ұмыттым...

Ертеңіне кешкісін қойылымның алдында мен де келдім театрға. Кіре берген бетте, алдынан өзіміздің театр директоры Қуекең, жанында бір орта бойлы адам бар үшіраса кетті. Саулық тілеп, бұрынғыдай ақ ниет, адал көңілде болып жатырмыз. Жанындағы адамды Қуекең Қарағанды театрының директоры деп таныстырып өтті. Мен шын жүректен хош келгендеріне және барлық қойылымдарына аншлаг тіледім.

Махмұдты көбірек күтіп қалдым. Мұмкін, қолы тимей жатқан болар, қанша дегенмен, қазір спектакль басталады дегендей.. Кенет, алдынан біздің театрдың бірі емес, бірегейі, жас талант, ақылына көркі сай, беделі биік актер Біржан Жалғасбаев шыға келді. Жанында Мұхамедали деген актер тағы бар. Көздері нұр шашқан, жүздері алаулаған бұл жігіттер, сонау 2000 жылдардан бері, жаныма жақын тартатын, арамызда силастық пен қимастық сезіміміз жеткілікті жандардың бірі десем қателеспеймін. Неге екенін білмеймін, кабинетке бірге барып, оларға болған жайды баяндаап бердім. Екеуі де сөзімді бөлмей үнсіз тындаады. Біраздан соң, Біржан, Қарағанды театрының директорының бір сезінен, осы жақта ілгері жылдарда гастрольдік сапарда болғаны жайлы әңгімесін естігенін айтЫП, «Мұмкін, сол кісі білер, іздеген адамыңызды, жүріңіз сұрайық» деп, мені екінші қабатқа үшырта ала жөнелді. Екінші қабатта, көрермендер залының алдында тұрган орта бойлы, бағана өзім театрға кірген сәтте көрген, шашын қарсы қайырған, киген киімінің бәрі қонымды, өзінен бір зиялыштың танылған, Қарағанды театрының директорына Біржан екі аттап



жетті. Сөзді бастауға менің батылым жетпеді. Жайшылықта ондай – мұндаيدа алдыма адам сирек салатын батыл мінездің қайда кеткенін де білмей қалдым. Мен өте толқып тұрдым.

- Біржан, жаным, сен сұрашы, мен біргүрлі боп тұрғаным, сөзім шашылып қала ма деп қобалжимын, - дедім.

Біржан екі айтқызбай түсінетін жігіт.

- Ағай, сіздің әңгіменізді естіп едім, осы солтүстік өніріне алдағы бір жылдары келгендерініз туралы, - деп, әңгімені бастап кетті. Мен әліде толқып тұрдым. Ара-арасында Біржанға, әне жерін, мына жерін айт, ұмытпа деп, болған жәйіттің айтылмай бара жатқан жері болса, нұсқаумен болдым. Әңгіменің ең піскен жері шынжырша-алқаға келген кезде, мен одан, осы моментін байыптаپ айтуды өтіндім.

- Ағай, сол актер жігіт кетерінде, сол кішкене сары қызыдың мойнына шынжырша-алқа естелікке тағып кетсе керек, - дей берген кезде, о, тәңірім!

- Ол мен ғой! - деп директор ағай маған жалт қарады. Мен не болғанымды білмей бір сәт тұрып қалдым. Біржанның әдемі қара көздерінің қарашығы түгел көзшарасына тола кеткендей болды. Мұхамедали болса, толқығаны сондай анадай жердегі кафега қарай жүгірді...

Не, қалай болып кетті, өзі?!

Екінші қоңырау. Залға көрермендер лық тола жиналуда. Әне-міне, спектакль де басталмақшы. Есімізді өзөр жинадық.

Біржан жалма-жан:

- Кеңес аға, бұл да бір өмірдің ең қызықты кезеңінің бірі ғой, мынау «Күт мені» программасынан кем емес қой, - деп Кеңес ағасын құшақтай алды.

Міне, керемет! Өмір заңдылығы ма бұл?! Әлде көңіл заңдылығы ма бұл?!

- Сол кездегі кішкене сары қыз сен бе едің!!! -деп, Кеңес аға мені жерден бір-ақ көтеріп, құшағына қысты.

Біз ұзақ әңгімелестік. Бәрін, бәрін, көкейдегі көп жылдың астында қалған, көп ойларды да, көк ойларды да айттық. Келісken сағатында, күнінде, айында, жылында келе алмағанымызды айтып, ол да, мен де күрсіндік. Кеңес аға біздің үйдің тұрган жерін, кешеғана көргендей суреттеп, менің ардақты а纳мды да, оның тәтті шайына дейін есіне алып, мені қатты қуантты. Мені мектеп бітірген күнімнен бастап екі жыл күткенін де, ешқандай хабар болмаған соң, менің басқа мамандықты таңдал қалуымның мүмкіндігін де ескеріпті. Жан-ұясы туралы ерекше сүйсініп, жары, балалары, немерелері жөнінде ұзақ әңгімеледі. Расында, бәрі де, абзal а纳мның айтқаныңда болып шықты. Дегенмен, Ана деген көріпкелі көл, ең жанашыр жан екенін осы күні ерекше мойындастын болғандаймын. Сол кезде балғын қызы, кекілі желбіреген менің, алдында тұрып салған әнім де Кеңес ағамның есінде болып шықты. Шынжыршамның қалайғана, таңғажайып жоғалғаның айтып, біраз таңдандық. Бойымда жүріп, ойлағаныма жете алмайтынымды сезгендей, арманым қалай үзілсе, ол да солай үзіліп түсті....

Қарағанды театрының гастрольдік сапарының соңғы күні де келдім. Үлкен гүл шоғын Кеңес ағама силадым. Бұл өмірде адам үшін тылсым табиғат, осынау сырды мен мұңын гүлдер арқылығана жеткізсін дегендей қабылдаймыз фой.

Қазіргі кезде Қазақстанның мәдениет қайраткері, еліне еңбегі сіңген актер, режиссер, талай атақтың иесі Кеңес Нарынбаев ағамызға, қайда қанат серме-седе, қажымайтын қайрат, кемімейтін қуат, сөнбейтін шуақ, нұрлы күндерінің көлеңкесіненде күнгейі көп, бақыттың бағында болғанына тілекtestіk білдіремін.

Иә, мен шынжырша-алқамды көрсетіп, оны таңдандыра алмадым, ал бірақ, бізді отыз төрт жылдан кейін кездестірген тағдырыма ризамын.



ГАЛИЯ - ЕЕ ИМЯ

Роль женщины в обществе, работа, семья, женская судьба, счастье - об этом беседовал накануне весеннего праздника с Галией Малдыбаевой, заместителем директора по общим вопросам областного казахского музыкально-драматического театра, дочерью поэта Галыма Малдыбаева, Болат Успанов.

- Галия, вам приходится много работать в новом театре, плюс домашнее житье-бытье. И все-таки вы остаетесь красивой, обаятельной женщиной. Как вам это удается?

- Женщина всегда должна помнить, что она женщина. Я стараюсь быть ухоженной - это стиль моей жизни. Стараюсь быть приятной, улыбчивой, даже если нет настроения. От женщины должно исходить тепло, свет души, энергия.

- В чем, по-вашему, счастье женщины?

- Конечно, личное счастье, это, пожалуй, самое главное в жизни каждой женщины. Женщина не может быть одинокой. У нее должны быть семья, дети, работа. Необходимо, чтобы ее ждали и любили. Это и есть женское счастье.

- Вы хорошо поете, играете на музыкальных инструментах. Наверное, это и привело вас в театр?

- Я работала юристом. Когда пригласили в театр, сразу согласилась. В свое время я хотела стать актрисой, но мама была против. Теперь я живу театром... А относительно песен... У нас в семье все пели, особенно мама. Это передалось мне как дар природы. У меня есть крестьянское хозяйство. Я человек от земли. Она дает силу, вдохновение, энергию. Когда я работаю на земле, то пою, как в детстве. Я люблю музыку.

- Культура переживает нелегкие времена. Но вам повезло. Старое здание в классическом стиле бывшего дворца культуры отремонтировано под евро и

выглядит как новое. Но все же театр испытывает какие-то затруднения, не так ли?

- Да, вначале было все как в сказке. Я помню все красивые моменты: Президент, акимат, общественность, спонсоры. Многие помогли. Частный предприниматель азербайджанец Тахир из Булаевского района купил нам люстры на 1,5 млн. тенге. Таких чешских люстр нет нигде. А сегодня наша головная боль - финансы, которые поют романсы. Вырученные деньги от одного спектакля тратим на постановку следующего.

- Ваш театр организовался недавно, но громко заявил о себе на 9-ом республиканском фестивале, который проходил у нас в городе. Вы заняли первое место, оставив за бортом опытные театры с многолетними традициями. Может быть, вал жюри сделал подарок как хозяевам?

- В какой-то мере нам действительно повезло: где-то поставили авансом, где-то списали на молодость. Главное, мы выложились до конца и показали весь наш лучший репертуар. Были и на гастролях в России. Нас очень хорошо встретили. Мы понравились россиянам.

- Общественность скоро будет отмечать (в мае) 100 лет со дня рождения вашего отца - поэта Галыма Малдыбаева. Как вы готовитесь к этому событию?

- Конечно, съедутся все братья, сестры. Нас 10 детей. Мы все побываем на своей родине. Там хорошо помнят отца, гордятся им. Отец был поэтом своего времени, далеким от политики, писал стихи, в основном лирику, для людей. При его жизни вышло 14 изданий. Он был членом Союза писателей.

- Ну и о делах семейных. Чем занимаются ваши сыновья?

- Старший сын только отслужил в армии, еще не определился. Младший - музыкант, способный, сам сочиняет произведения, играет на фортепиано. Он учится в музыкальной школе.



- Приближается Новый год по восточному календарю и Международный женский день. Что бы вы хотели пожелать читателям газеты?

- Здоровья, прежде всего. Любви, удачи. Хотела бы видеть всегда читателей газеты в нашем новом театре, ставшим лучшим в республике в год 10-летия независимости.

Газета «Добрый вечер», 2001 год

ГАЛИЯ - ДОЧЬ ПОЭТА



Галия Галымовна Малдыбаева была девятым ребенком в семье поэта Галыма Малдыбаева, столетие со дня рождения которого скоро отметят поклонники его таланта. В детстве мечтала стать актрисой, а жизненные обстоятельства сложились так, что, получив высшее образование, работала юристом.

Но оставаясь актрисой в душе, она, не задумываясь, оставила карьеру правоведа и пришла работать в открывшийся в нашем городе областной казахский драматический театр им. Сабита Муканова.

Сегодня Галия - заместитель директора театра. Если судить по большому счету, можно сказать, что театр - пока еще в стадии становления: комплектуется труппа, подбирается репертуар, решаются творческие и бытовые проблемы актеров, изыскиваются финансовые возможности, предполагаются поездки с гастролями в дальнее зарубежье. Но в то же время театр уже полюбили зрители. И все, потому что вместе с актерами над имиджем в театре работает администратор Жумагулова: просит, настаивает, требует и... добивается.

Спрашивается откуда у этой женщины столько энергии? С темна до темна в театре, в том числе и в выходные дни. На виду у сотен людей. Всегда красива и элегантная.

- Гены такие, от отца, - говорит дочь поэта. - Он всю жизнь трудился, не зная выходных и праздников. Закончил два института, воспитал десять детей, выпустил 14 сборников стихов, вел обширную переписку с читателями, был наставником молодых литераторов. И мы, все его дети и внуки, получили высшее образование, многие пишут стихи, есть музыканты.

Но, как истинная восточная женщина, Галия, главным достижением в жизни женщины считает личное счастье.




- Когда женщину, жену и мать любят и уважают в семье, все домочадцы здоровы, учатся и работают - все ладится. В это время хочется горы свернуть и на работе, и дома, каждому хочется помочь, - продолжает разговор эта еще молодая, но мудрая женщина.

- И наоборот, не нашедший себя в семейной жизни человек, несчастен. Каких бы вершин карьеры не достиг. Это проверено многовековым опытом.

- Я в семье счастлива, - продолжает размышлять о жизни, Галия Галымовна. - Меня любят и я люблю. В том, что не стала профессиональной актрисой большой беды не вижу. Зато я много делаю для становления молодых актеров. Даю советы по работе, устраиваю их бытовое благополучие. Когда им хорошо и мне хорошо. Вот тогда, в семье, я устраиваю целые представления: пою под собственный и аккомпанемент сына, играю на музыкальных инструментах. Люблю физкультуру, физически поработать, что позволяет всегда быть в форме.

Б. Успанов,
Газета «Добрый вечер»,
2002 год



*Бір әнім бар,
аўтсам даусым
шырқайтын...*





Қарындастарым- қарлығаштарым

сөзі мен әні: Шашубай Малдыбаевтікі

The musical score consists of five staves of music. The first four staves are in 6/8 time, and the fifth staff begins in 9/8 time. The lyrics are written below each staff.

Бел - гі - сіз бе, әл - де ай - қын ба ма-
ган Жү - ре - гі - не кім - нік жа - лын
тас - та - дың У - ял май қа - не.
ай - тын - дар ма - ган

Ка - рын - дас - та - рым - қар - лы - гаш - та -
Рым.

2

қар - лы - гаш - та - рым.



Қарындастарым- қарлығаштарым

сөзі мен әні: Шашубай Малдыбаевтікі

Белгісіз бе, әлде айқын ба маған
Жүргіне кімнің жалын таstadtың
Ұялмай қане, айтындар маған
Қарындастарым - қарлығаштарым.

Балауса балғын, гүлсіндер әлі
Сол гүлге серік табылmas па бір.
Ақ бантік тағып, жұрсіндер әлі
Қарындастарым - қарлығаштарым.

Үш ерке құсым, еріндер маған,
Әрқашан ашық болсын аспаның.
Ән салып қана келіндер маған
Қарындастарым - қарлығаштарым.

Бұл менің айтар ақылым, әнім,
Есейген шақта жастарың,
Жат-жұрттық болып жарапған бәрің
Қарындастарым - қарлығаштарым.



АРМАНЫМ

Сөзі мен әні Фалия Малдыбаеванікі



Маған қарап мөлдіреген
Сенің көзің талмасын
Ізгі, асыл, сезім берген
Қайфы – шерге толмасын.

Сағынамын жүрсендәғы
Қасымда өзің әрқашан,
Арманымсың алғаш менің
Бақытымсың аңсаған!

Тағдырымыз бір жол болсын
Екеумізде аңсаған
Қос жүректер мәңгілікке
Бірге соқсын талмастан!

Сағынамын жүрсендәғы
Қасымда өзің әрқашан
Арманымсың алғаш менің
Бақытымсың аңсаған!

ГУЛКӨКТЕМ

Сөзі мен әні Фалия Малдыбаеванікі

The musical score consists of four staves of music. The first staff begins with a forte dynamic (f). The second staff starts with a piano dynamic (p). The third staff begins with a forte dynamic (f). The fourth staff begins with a piano dynamic (p).

Таң атса жарқын
Көңілім шалқып,
Жүрегім толқып, жүремін, жаным,
Жауқазын гүлдеп
Айнала мұлдем,
Кілемге жасыл оранған, жаным.

Гулкөктем келдің бе тағы да?!
Малынды гүлдерге атырап
Жер-ана сенің,
Сәніңде еніп,
Бір сырлы сезім силады маған.

Жамырап бұлақ
Жарқырап құрак,
Күн нұры беттен өбеді, жаным
Еседі самал
Жамылып жамал,
Кеудеме сәуле себелеп, жаным.



ДОСТАРМЕН ҚОШТАСУ ӘНІ

/Мектеп бітіру кешіне арналған/
Сөзі мен әні Фалия Малдыбаеванікі



Жан-достарым қоштасатын келді бізге шақ
Сапар тілеп шақырады бізді алыс жақ,
Қимастықпен қараған қос жанаарымнан
Мөлтілдеген ыстық жас бетке салар дақ.

Жан-достарым біргемін мәңгі сендермен
Роза, Райса, Света, Сабиражанмен,
Ұмытпаспын ешқашан интернатымды
Бірге жүрген кездерді сендерменен.

Қымбат маған ақ бантик, қара партамыз
Алтын мектеп, ұстаздар, кластистарымыз,
Алдымыздан болашақ жарқын болса екен
Кездескенде көңілдің сырын тартамыз!







*Дүниеге келіп едің ақ
шуақты Қөктемде,
Жиырма тоғыз Жаз ғана боп
қызық дәурен откен бе?!*
*Коныр Құзде қайтпас сапар шектің,
ботам, мәңгіге
Қыс орнады, көнділіме, сен бар кезге
жеткен бе?!*





1981 ж. Талдықорған



1983 ж. Петропавл



АЗАТТЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ АРНАЛҒАН

Ботам, сені қанаттыға қақтырмай
Келді өсіргім, тұмсықтыға шоқтырмай
Ешкімненде кем болмасын деп жүрдім,
Көзге ілмей қарағанды жақтырмай.

Сені ұйықтаттым әуенімен жақсы әннің,
Езу тартсаң ауруымнан жақсадым
Апыл-тапыл жүргенінде алдыңнан,
Бөгет заттың болмауына жан салдым.

Тағдырымыз ұқсан тасқын ағысқа,
Сырым еді айтпайтұғын танысқа
Жараса алмай сенің тұған жеріңмен,
Кешір, балам, алып ұшсам алысқа.

Бала тілің – бал есімнен кетпек пе?!

Білім алып мақсатыңа жетпеккे,
Құшағыңды гүлдерге мол толтыра
Жүгіріп сен бара жаттың мектепке.

Өстің, күнім, әртүрлі боп қылышың,
Он жыл өтіп, жігіт болдың, құлышың,
Тыныштығын қорғап келдің еліңің
Жақсы болсаң, сенің, жаным, құлышыңын!

Кейдегі бір қылышыңды білдірмей
Саған, мүмкін, жүрген шығар сезілмей,
Жабырқаумен жырақ кетсең мұңайып,
Талай тұнді өткіздім ғой көз ілмей.

Жылдар өтті, міне, өзің де ержеттің,
Сұлулығы сенде де бар келбеттің
Жанашырым, сенетінім сен болар,
Айналайын, сол жасқа да кеп жеттің.



1984 ж.





Намысынды бермей, ұлым, ұстагын,
Мықты болсын балғасындаі ұстаның,
Жасағанның жақсылығы жар болып,
Көрсетпесін, өмір, тағдыр қыспағын.

Кездер келер риза болар қуніне
Тірлік жаса, ақылыңа жүтіне,
Жаһандағы жақсылықты аямай
Қамқоршы боп жүргін жалғыз ініңе.

Қанатым боп, сен жүрмесең қайтер ем,
Бақыт ізде, білімді де бай-терен,
Ақ тілегім ақ жүректен жан-балам,
Үстем болсын мерейің мен мәртебең!

17 март 2009 жыл





1988 ж.



1985 ж.



Неткен қатал тағдыр саған бұйырған,
Жазу мұндай қыршыныңнан қылған
Күнім сенсіз өтіп жатыр, құлымынам,
Етек тола көздің жасы құйылған.

Көз алдымнан кетпей өмір қезеңің
Жатсам, тұрсын ой түкпірін кеземін,
Әйтеуір, бір аттанармыз бақиға
Бірақ, сенің емес еді-ау кезегің.

Шілдеханаң, құған кезің көбелек,
Мектеп, солдат, той күндерің керемет
Қайран кездер өте шықты бір сәтте,
Шіркін, дүние, қайта айналып келер ме еді?!

Қалай сені қара жерге қия алам?!
Қалай фана көз жасымды тия алам?!
Бұл фәниден парық-рахат көрмеген
Сені ойласам шырт үйқымнан оянам.

Басқа жұрттың баласындей, ардағым
Сенің де көп болған еді арманың,
Бірақ, оған жетуді Аллаһ жазбапты
Кімнен көрейін орындалмай қалғанын.

Жеткізем деп ел қатарлы өзінде
Қалай енді ұмытамын көзінде,
Сені ойлап жыламайтын күнім жоқ
Жүйкем тозды, таусып алдым төзімді.

Арсыз үйқы, арсыз тамақ - пана ма?
Өкініш көп өрлең кеткен санама
Қолдағы бар жақсылықты жолыңа,
Салғам, балам, ризасың ба, мамаңа?!

Өкпелетіп алдым ба деп өмірде
Алтыным-ау, талай ой бар көңілде,



1988 ж.





Садағаң боп кетер ем-ау, жан-балам,
Қайта айналып келсең осы өмірге.

Бекем буған белден белбеу шешілмей,
Өз-өзімді алдап журмін, кешіргей,
Қоңырау соғып, сөйлескім кеп тұрады
Нөмірінді телефоннан өшірмей.

Сені жоқтау мандайыма жазған ба?!
Бір шырағым сөніп кетті-ау жанғанда
Байлығы да керек емес заманның,
Опасыз фой бұл дүние жалғанда!

Бәсәнтиім*, есімдесің күнде сен,
Ұзақ уақыт суретіңмен тілдесем,
Үлкендерден талай алғыс алыш ем...
Сыртым бүтін, ішім түтін күн кешем...

Бар шығар-ау мен сияқты сан сынды
Талай адам, дәм-тұзың да таусылды,
Айналайын, құлыншағым, Азқентай,
Сағындым фой, мама деген даусынды.

Ашық жарам, көздің жасы болар ма ем,
Безек қағып үйге симай қалам мен,
Көзі үқсайтын ізің қалса артында
Ііскең, мүмкін, содан байыз табар ма ем.

Қайтем, күнім, амалым жоқ көнігем,
Қуанышым аз болды фой көбінен,
Ақ сүтімді қиғым, ботам, ихсан қып
Орның болсын пейіштің бақ-төрінен!

Күнде Аллаһтан саған иман сұрармын,
Қолым жайып дұға оқып тұрармын

*Азаттың ерке аты.



1996 ж.



2003 ж.



Өле-өлгенше барған сайын басыңа,
Көздің жасын аямастан бұлармын.

Өмір - өзен, қайтіп енді бұра алам,
Өшті үмітім болашақты құраған
Ылғи, соңдай сағынғанда өзінді
Көргеніме түсімде зор қуанам.

Оқ тигендей қорқақ болдым алаңдай,
Жүрмін, міне, қансыраған маралдай
Сенің орның ерекше ғой мен үшін,
Талдай берсем тағдырымды тарамдай.

Ешкім мәңгі жасамайды, білемін
Жасағаннан көркем сабыр тіледім,
Бауырыңың түсіп кеткен еңсесін
Сал-сал болған иығыммен тіредім

Ойлаушы едім, сен деп ізім қалдырған
Өзі берген Аллам, өзі алдырған
О дүниенің бар екені рас болса,
Мен барғанда шықсаң болды алдымнан!

2011 жыл





2006 ж.





Жылап келем,
Жылап жүрмін, жылаймында,
Көңілімді көз жасымнан құраймында,
Шыдамдылық қайратымды шындаімында,
Шыдап келем,
Шыдап жүрмін, шыдаймында.

Қарап келем,
Қарап жүрмін, қараймында,
Суретіңе, жылауға тек жараймын ба?!
Бұл қайғымның өле-өлгенше орны толмас
Басқа қызық қалмағандай санаймын ба?!

Санап келем,
Санап жүрем, санаймында,
Жоқтап сені, жылағалы сан ай, мың ба?!
Алдаусырап жыртық көңіл жамап жүрмін,
Әлі есінде бар шығар деп талайдың да.

Жылап келем, жылаймында,
Амалым жоқ
Шыдап келем, шыдаймында...





2009 ж.





Бұғін тағы оянғасын жыладым
Сен есіме қайта түстің, құрағым,
Астан-кестен жан-дүнием қайтейін
Дәл осылай ойлап па едім, жыл адым.

Жанып-сөнген, құлыншағым - құланым
Қалай ғана екі жылға шыдадым,
Күш азайып, сағыныштың шегі жоқ
Көтеруге, Жаратқанның, сынағын.

Арасында жолдас-туыс жүрсемде
Тойға барып, қуансамда, құлсемде
Жегідей жеп, қайғым құрттай кеудемді
Білдірмеген болам, бәрін білсемде...

Өле-өлгенше білем, солай боларын
Сан қайталап ішке қайғы толарын
Көзім жетті, жеңбейтінін ешқашан,
Сол уақыттың өзі еске саларын.

Ұлымды ойлап, қайғым тола не етермін? !
Жаратқаным, не салса да, көтердім,
Қатарласып қуаныш пен қайғы мұң
Міне, осылай мен де өмірден өтермін.....





1 қазан 2010 ж.

Құдіреті ме құдайымның, әлде адами заңдылық
Қалды ма енді, қалды ма енді, осы өмірде мәнділік,
Қолымдағы қос жұлдыздан нұр мен шаттық тараған
Таңсәріде, бір жұлдызыым сөнді менің мәңгілік.

Уақыт зулап, замана тұр, ол да маған әңгүдік
Жегідей жеп, іштен қайғы батып, естен таңдырып,
Бар көңілден қуанатын құндер қалды әдіреп
Кеткендеймін бәрін артта, бәрін артта қалдырып.

Шүкір етем, бүгініме, жылап жүріп, қайғырып
Зәрем ұшып, қорқып жүрем түңілуге қаймығып,
Маска киіп, ән мен сөнді қолдан жасап қамығам,
Тұндер толы ұйықтайтұғын, талығып
барып зарығып...

Шіркін, тағдыр неге осылай болдың еken мен үшін,
Бұл өмірден алатұғын осы ме еді енішім?!
Әзірейіл тура келсе, өз жанымды құрбан қып
Балам тірі жүруі үшін, берер едім келісім!

Қалды ма енді, осы өмірде мәнділік?!

Таңсәріде бір жұлдызыым сөнді менің мәңгілік....



AЗАТТЫҚ АРУАҒЫНА

(Әні бар)

I

Әке тілін алдың ба?
Ана тілін алдың ба?
Өмір деген өте курделі
Тосып тұрган алдында,
соны балам ой тезіне салдың ба?
Аға тілін алдың ба?
Апа тілін алдың ба?
Бата беріп ақ жол тілеген
Қарттарға сен бардың ба?
Соны балам сен есіңе алдың ба?

Қ-сы:

Айым дедік сені біз,
Күнім дедік сені біз,
Сен ержетіп өскенде,
Көтерілді еңсеміз.
Қуанышқа кенелдік,
Ағайынға теңелдік.
Мақтап етіп өзінді,
Тіледік біз кемелдік.

II

Сені нұрға баладық,
Ақ жолына қарадық,
Аман-есен үйге келгенше,
Сағат тілін санадық.
Сөйттіні ата- ананың бәрі аңық.
Есейдің сен ер жеттің,
Жас шаңырақ тербеттің,
Бақытты бол балам әр қашан,
Зейнеттің көр еңбектің,
Тілейтіні ата- анасы жер көктің!!!



Қ-сы:

Айым дедік сені біз,
Күнім дедік сені біз,
Сен ержетіп өскенде,
Көтерілді еңсеміз.
Қуанышқа кенелдік,
Ағайынға теңелдік.
Мақтап етіп өзінді,
Тіледік біз кемелдік.

III

Өмір олай болмады,
Басқа тағдыр жолдады,
Сұрасақ та саулық алладан,
Ағып түскен қолдағы,
сен жас жұлдыз ағайынның арманы.
Қалды артында ата-анаң,
Жас шаңырақ, басағаң,
Тұяғынды сенің көпсінді,
Жаратушы жасаған,
О, тәңірім, болсын енді бас аман.

Қ-сы:

Арман болдың енді сен,
Жалған болдың енді сен,
Көкіректен кетпейтін,
Қайғы болдың енді сен,
Қысқа болды өмірің,
Ауыр қаза өлімің,
Аллам енді жар болсын,
Нұрға толсын қабірің!!

*Нагашысы
Шашубай Малдыбаев*



ҚАРЛЫҒАШ

Ерке Есіл, көркем Есіл жиегінде
Самалды, құбыла жақ иегінде
Бар еді жалғыз өскен, сары қаршыға
Бүйырар сол қаршыға әлде кімге.

Сен бір құс бәйтерекке қонақтаған
Үркітпес жақсы құсты ақылды адам
Шошытпай алыстан-ақ орайын деп,
Осыдан бір жыл бұрын хабар салғам.

Ежелден зат біледі заттың жайын
Сүйектес Қабай, Тұяқ, Есей, Сарбел
Танысаң қара басым бүйымтайым,
Ұфарсың бәрін талдаң не қылайын.

Жақсыға ойым терең, сөзім қысқа
Аз сөзбен жүргегіңе бердім нұсқа,
Махаббат дариясына қанат қақсан,

Болармын алтын тұғыр сендей құсқа

Құрбы-құрдас, замандас,
Қайран, дүние, қайран жас
Сүйген, сәулем, сен Зураш!

Фалым 1942 жыл

«БІР ӨЗІНДЕЙ ЖАН ТУМАС»

Қазақтың белгілі ақындарының бірі Фалым Малдыбаевтың жүргегінде жыр тулатқан аяулы асыл жан, ардақты ана Зураш Ергалиқызына деген құрметті сезім менің бойыма бала кезімнен ол туралы а남 марқұм жің айтатын әңгімелерден орныққанаы есімде. Бақыттыма қарай өмір жолымда осынау ел сыйлаған абзал жанмен талай жүздесіп, кейінде көршілес те болған кезім бар. Өзі де әннен қара жаяу емес а남 Рахия Зураш апайдың өнеріне қатты сүйсінетін еді. Әсіресе, оның бұрын аудан орталығы болған Марьевка селосындағы аупартком үйінің екінші қабатындағы балконнан әлдебір мерекеде тамылжыта «Қорлан» әнін орындағанын аузынан тастамайтын. «Аққұба жүзді, талдырмаш оқушы қызы болатын» дейтін. Сосын а남 Алматыдан келген атақты ақынның сол қызыға ғашық болып қалғанын, бірақ өзінің досы болған қызы әкесі Ергали Асылтаевтан қаймығып, жүрек сөзін жеткізе алмай кеткенін айтқан. Ақын Алматыға қайтып оралғанда Зурашқа арналған «Қарлығаш» өлеңін қалдырыпты. Оны бертінге дейін ел ішінде әнге қосып айтып жүрді. Содан есімде қалғаны:

«Ерке Есіл, көркем Есіл жиегінде,
Самалды құбыла жақ жиегінде.
Бар еді жалғыз өскен сар қаршыға,
Бұйырар сол қаршыға әлде кімге....
...Көзінен айналайын, қарлығашым,
Жалғанда бізді айырған зар жыласын.
«F» мен «З» екі әріп бір молада,
Қозы мен Баяндай боп бірге қалсын!»

- деген жолдар.

Осындаид зор маҳаббат жолында барлық атақ, мансабын тәрк еткен Фалым ақын келер жылы Алматыдан елге біржола оралып, қызы әкесінің келісімін алып Зурашқа үйленеді. Алдындағы бірнеше жыр



жинақтарын байлай қойғанда, қазақ поэзиясына қосылған қомақты үлес болып санаған «Қырым қызымен» беделі тіпті асқақтап кеткен ақынның алыстағы ауылдан қоныс табуын түсінбекендер көп болды. Оның сұлу жарын қызғанып, ел ішіне өлең таратқандар да табылды. Бірақ, Шал ақын ауданындағы Ленин ауылының бір шетіндегі кейін белгілі жерлес жазушы Герольд Бельгердің шығармасына арқау болған ағаш үйдегі махабbat алауы сөнген жоқ. Қайта туған жердің әсем табиғатынан, ерке Есілдің көгілдір толқынынан және ең бастысы мөлдір махабbat сезімінен нәр алған ақық жырлар туып, ақын жүргегі тіпті шабыттана түсті.

Осы ауылдағы орта мектеп ол жылдары әдебиет жауқазындарының қаулаپ өскен жері болды. Мектептің жас мұғалімдері Ермек Қонарбаев пен Жарасбай Нұрқановтар өздерінің тырнақ алды туындыларын Фалым ағай мен Зураш апайдың отбасында оқып, ақын ағаның ақыл-көңестеріне сүйенді. Ол кездері әлі әдебиетке бой ұрматтанған біздердің өзіміз ол үйге үлкен құрметпен, зор ілтипатпен қараушы едік. Мектептегі түрлі кештерге қатысатын Галекенәнің қасынан үнемі Зураш апайды да көрушүү едік. Өзара сүйіспеншіліктерінен басқа, бір-бірінің өнерін де өте құрметтей білген олар қандай да кештің сәні еді ғой. Ақынның асқақ жырлары мен оның сүйікті зайыбының әсем әндері талай үрпақ тәрбиесіне әсер етті десем қателеспейтін шығармын.

Бұл жылдары Фалым аға тағы бір қырынан та-нылып, фельетон-сын мақалалар жазудың да шебері атанды. Ақын облыстық «Ленин туы» газетінің мен-шікті тілшісі болған кезінде облыстың барлық өнірін аралап, апталап сапарда жүрген шақтары да көп еді. Сонда барлық үй шаруасын бір өзі арқалаған Зураш апай қабақ шытып көрген емес. Жұбайының өткір өлең тілімен жазылған фельетондарын оқып, «тым батырып жіберген екенсің, өзімізге кесірі тимесін» дег ескертіп отыратын. Табиғатында сабырлы, не

нәрсені де ақылға салып атқарғанды жөн санайтын апай бірақ ешқашан жұбайының алдына түсіп көрген жоқ.

Өзара сыйластықты жансерік еткен жандар олардай- ақ болар. Алла тағала беріп, он бала сүйген ордалы отбасы атанды. Айтұлы ақынның жарығана емес, ер ана атанған абзал ананың балалар тәрбиесіне сіңірген еңбегі де зор. Тірі жүрсе бүгінде сексеннің сенгіріне шығар адап жар, ғажап ана туралы қандай асыл сөз айтса да орынды. Ол балаларының бәріне де жоғары білім әперді, қазір бәрі де Отанына, халқына қалтқысыз қызмет етуде.

Қазақта тегі жақсының тірлігіне байланысты қанатты сөздер көп. Олар көбіне адап сүт емген өнегелі ұрпаққа қатысты. Зураш апайдың бауырынан тараған балалары бәрі ана үмітін ақтады. Әкелері Галекеңнен ғана емес, нағашылары халық ақына Ерғали Асылтаевтан да өнер жүққан өрендері елге сүйікті азаматтар қатарында. Тұңғышы Ақбаян әке жолын қуып, ақындықпен көрінді. Одан кейінгі Шашубайы көп жыл журналистік қызмет атқарды, сазгер, әншілік өнер бар, қазір Алматы облысында мектеп директоры. Сүт кенжесі Сәбит- Батыс Қазақстан облыстық орыс газетінің редакторы, Алтай – Бескөлде қызмет атқарады. Ал, Әлиясы қаладағы дарынды балалар мектебінде оқытушы, облысқа аты мәлім білікті ұстаз, Фалия жеңе кәсіпкерлікпен айналысады, сондай-ақ, одан басқа балалары да өз орындарында, жемісті еңбек етуде. Олардың бәріне ортақ қасиет – аналарының әншілік өнері дарыған, бәрі дарын иелері, облыстық мерекелердің сахнасынан жарқырайтын таланттар.

«Бір өзіндей тумас жан» деген әдемі жыр жолдағын арнаған Галекеңнің жары Зураш апайды ақынды ақырыры демі таусылғанша алақанына салып күткенін олар қоныс еткен Сергеевка қаласының тұрғындары бәрі біледі. Басында екі қабатты ескілеу Үйде тұрған отбасы кейін төрт бөлмелі кең жайлы пә-



тер алды. Сол пәтерде болып, талай рет ақынмен жыр әлемі жайында ұзақ әңгімелесуші едік. Зураш апай қалың етіп салып берген төсекте қос жастыққа сүйене отырған Фалекендерің өмір жолынан сыр шерткен кездері көп. Бірақ оның бірде-біреуінде ел аузында аңызға айналған өзінің Зураш апайға үйленуі жайындағы әңгімені қозғаган емес. Ал, шынында да, оны қозғап не қажеті бар? Оның бәрі ақынның жырларында жазылған, баспа қөрген кітаптарында басылған.

Зураш апайды өте тамаша бақытты өмір кешті деп айтуға болады. Есімі елге өлең жолдарымен ән болып тарады. Өзі сүйген дарынды ақынның соңғы 80 жылдық мерейлі тойын өз қолымен өткізді. Өзім күәсі болған сол тойда науқастанып жатқан ақынды пәтерінде құттықтауға келген аудан басшысы, Социалистік Еңбек Ері Есім Шайқыұлы Шайкин ақын зайыбына өте риза болғандықтан: - Осының бәрі сіздің арқаңыз, ақиық ақынға жар болып, он бала тәрбиелеп өсіргеніңіздің өзі ұлы ерлік. Сіздей жанға бәріміз бас иеміз, - деген еді.

Сөйтіп қосағымен қоса ағарған Зураш апай Фалекендерін мәңгілікке айырылғаннан кейін де ақын есімінің ел есінен өшпейтінін көзімен көріп, өздерінің өмірде мағыналы да мәнді ғұмыр сүргендерін үқтый. Сергеевка қаласындағы бір көшеге және Жаңажол орта мектебіне ақын есімі берілді. Соңғы жылдары Астанаға қоныс аударып, көп уақыты сонда өткені болмаса, ет жүрегі ел деп соққан ана жиі- жиі Қызылжардағы балаларына және ауылға келіп қайтатын еді. Өткен жылы осындағы бір сапарында ананың ақтық демі туған жерінде бүйірдышты. Бүгінгі сексен жасқа толған туған күні үстінде балалары аяулы анасын сағынышпен еске алып, тегінен тартқан терен сезіммен жыр толғайды. Қызы Фалияның жазған мына жан толғауымен асыл ана туралы сөзді түйіндеуге болады.

Тоқтар Зікірин - журналист, 2006 ж.



Уа, Зураш, құтты болсын 70 жасың!
Тірлікте өрмелесін өрге тасың,
Өмірде қызығын көр балалардың,
Ойлаған бар арманың орындалсын!

Тойыңа келмегенге өкпелерсің,
Неғып жур, жыр арнамай текке дерсің,
Замандас құрбы едік бірге өскен
Бір ауыз жылы сөзі көп пе дерсің.

Ғалекең өтті өмірден жыр жүлдэзы
Өнерлі болып өсті ұлы – қызы,
Өнерден өзіндағы құр емессің,
Аман бол, Ерекеңнің жалғыз қызы!

Жамылған жас арудай жасыл желек,
Жасырып бір құлпыршы бүгін ерек,
Атына «Бақытты ана» ие болған
Фазиз жан дәл өзіндей болса керек.

Қамшылап көңілімнің көк дөненін,
Өзіңмен қарайлас боп мен келемін,
Тебесі 70 жастың көрініп тұр,
Білмеймін, ол шіркіннің не берерін.

Жыр-шашу өзіңе деп арнағаным,
Жөн еді қатарымнан қалмағаным,
Бір өзім екі жаққа бөліне алмай
Ретсіз болды-ау, тойға бармағаным...

*Замандасың Құрмаш Баязиев
12.12.1996 жыл Сергеевка қаласы*





Анашым, сені сондай сағынамын
Өмірде сен едің ғой сөнім де, әнім
Әкемнің жыр-жүргегі-Қарлығашы
Алладан иман бер деп жалынамын.

Бақиға қимай сені қөңіл жарым,
Тұсінер мендей болған жанның зарын
Қасымда мәңгі бірге жүретіндей
Көруші-ем, білмегендей, өмір заңын.

Өзіндей мейірлі жан қалмады енді
Өзіндей жанашырым бар ма менің
Есімде кіргенінде құшақ жайып,
Бетімнен сүйген ернің, иіс-демің.

Көз жасым көл боп, анам, шашылды әнім
Зар болдым бір сипауға шашың ағын,
Құні-тұн бір кетпейді құлағымнан
Дауысың атымды атап шақырғаның.

Ортайып қөңіл қалды, мендең мұңым
Қартайып қалғандаймын мен де бүгін,
Ортада әлі бірге жүргендейсің.
Оқысам жазып кеткен күнделігің.

Өзіңе бағыштайтын Құран - барым
Тәңірім берер ме екен сұрағаным,
Әкем мен Шәкөн ұлың бірге жүрген
Тұсімде көргеніме қуанамын.

Анашым, сені сондай сағынамын,
Алладан иман бер деп жалынамын....

2006 ж.



Құлыным, аман бол деп жүрерімде
Тақадың жүрегінді жүрегіме.
Жас толған жанарыңа қарап тұрып,
Қиналыс көрдім сол сәт ірекінде.

Білемін, минут сайын есіндеңін
Есімде еркелетіп өсіргенің,
Кіршіксіз сенің нәзік жүрегіңе
Дақ салсам, ана, мені кешірмегін.

Сәби ем, сен бесіктен шешіп алған
Ер жетіп, қиял құшып кешіп арман,
Ал, бұгін, құшағыңнан сусып шығып
Жат үйдің жаны болсам, кешір анам!

Ақбаян 1967 жыл



НАҒАШЫ ЖҮРТҮМ АСЫЛТАЙ ӘУЛЕТИНЕ АРНАДЫМ

... Мұліктің мықтылығы ағашынан
Деседі, жақсы жиен нағашыдан...
Өмірде орны бөлек туыстардың
Тараған Асылтайдың баласынан.

Беруші-еді, көрген сайын бізге бата
Сақтаған ізгі-дәстүр жайын қатаң
Ақындық, адамшылық қасиеті мол
Сал болып, ән шырқапты қайран атам...

Қимылы жылдам өжем, жаны дархан
Жел соқса бәрімізге болған қалқан
«Ерекше сен өзіме тартыпсың» деп
Айтушы еді, ақылды бол, аман қалқам!

Ел-іші, кәриялар әлі күнге
Есіне сақтап қапты бәрін бірден,
Үлкендер құптасады бірауыздан
Көргендей тәрбиесін бәрімізден.

Денсаулық кеміседе, тарықтырар
Жалғыздық көрседағы жалықтырар,
Біз десе ішкен асын жерге қойған
Иманды болсын, мәңгі жарықтықтар.

... Мұліктің мықтылығы ағашынан
Деседі, жақсы жиен нағашыдан...



Ерғали Асылтайұлы 1890-1968 жж.
Ақып Кәлиқызы 1893-1976 жж.

**АНАМ ЗУРАШ ӘКЕММЕН
АЛМАТЫҒА КЕТКЕНДЕ, НАҒАШЫ
АТАМНЫң ШЫҒАРҒАН ӨЛЕҢІ**

Не болар алда күн, менің шағым
Басылды су сепкендей ұрыншағым,
Кетпейсің күнде ойдан, түнде түстен
Үраспа айырылғаным, құлышағым⁷

Аллаға арқа сүйеп, таяушы едім,
Көз салып, жан – жағыма қараушы едім,
Алланың бергеніне шүкірлік қып,
Бір сені ұл мен қызға балаушы едім.

Әкеңнің әлпештеген баласы едің
Көз көркі, көңілімнің санасы едің,
Қарасам, алды – артымда еш нәрсе жоқ
Көзімнің ағы менен қарасы едің....



Кемтар боп, жүруші едім ылғауменен
Жетем деп мен ойлаушы ем, шыдауменен
Аз уақыт мақсатыма мен жете алмай
Жатырмын күндіз, тұні жылауменен....

Ойлаймын, көңіл алға баса ма деп,
Ойлаған жағдайымды шеше ме деп,
Сол жерін бәріненде көп ойлаймын
Ат шіркін, аталастан өше ме деп...

Зуражан, домбыраңды алам қолға
Ой, шіркін, жіберемін, оң мен солға
Жақында болсаң, құлыштым,
бармас па едім,
Кеткенің ауыр боп тұр, алыс жолға.

Домбыраң қолға аламын күнде кешке,
Ерем деп мен ойлаймын қашан көшке,
Көңілді көтеретін мезгіл ед деп
Сол шақта Зуражаным түседі еске.

Қолға алып домбыраңды далғалаймын
Көз жетпес ой түбіне ой жалғаймын,
Өлеңің домбыраңмен еске түссе
Төсекте жатып көзді мен бұлаймын.

Зуражан, тірі болсаң мен көремін
Бір ауыз ойыңа алсаң сөз беремін,
Әкеңнің тәртіп жолын сен ұстасаң
Өзіме тартқан құлыш деп жүремін.





Зуражан, хат жазуга алдым қалам,
Сені ойлап осы күнде көңіл алаң,
Әкеңнің жал-құйрығы күзелгендей
Жүрмісің аман-есен жалғыз балам?!

Қарағым, айналайын Зуратайым,
Әкеңнің ойлаймысың қандай жайын,
Жарықтан қараңғыға қалғандаймын
Сен едің алдымдағы туған айым.

Әр жағдай көріп еді менің басым,
Жастықта өрге тептім тау мен тасын
Есіме сен түскенде, құлышағым,
Көзімнен тимей кетеді аққан жасым...

Мен жүрмін аяқ бассам саздай болып,
Отырмын осы күнде аздай болып,
Қаңбақтай жер аударған, құлышағым,
Жүрмісің сен адасқан қаздай болып.

Мен жатқан осы күнде байғыз едім,
Зуражан елге сыйлы хан қызы едің,
Бес ұл мен алты қыздан беріп кеткен
Мен жүрген көпке балап жалғыз едің.

Зуражан, алдымдағы малым едің,
Көз көркі, үйдің көркі сәнім едің
Тән басқа, жаным бірге деп жүретін,
Шыбындай көз алдымда жаным едің.

Зуражан, қолымдағы бұлым едің,
Денені өрлей біткен жұлын едің
Әжер де Зурашым деп көп ойлайды,
Тең емген екі енені құлыш едің.

Зуражан кете бардың болып қылаң,
Адамға қыын бопты ер жылан,



Былғақтап асау тайдай жүруші едің,
Жалғыз бол өсіп едің ерке бұлаң.

Зуражан, болып өстің сен бір шынар,
Сағыныш осы көніл қашан тынар,
Бір көрсөң сен әкендей қайтер едің
Алақатап екі көзің жүрген шығар.

Жат жүрттық жаратылыс бағындырын,
Әкендей сені ойлад қағылдырын,
Станда екі қонсаң сені іздейтін
Әкендей, құлыншағым, сағындырын.

Зуражан, жат жүрттық қа бағындың ба? !
Жеріңе жақсы болып жағындың ба?
Жүректің сағынышы, міне, осылай
Әкендей, құлыншағым, сағындың ба?

Дәм-тұзы тартқан шығар Қызылжардын,
Шыға алмай шырмалдырады көніл шардың,
Ойымда ешнәрсе жоқ жүрген шақта
Әкендей қалай тастап кете бардың? !

Зуражан, сениң жазған хатынды алдық,
Әкежан деген сезің мен тындарлық,
Айналып екеумізді мысығың жүр
Суырма кемпір – шал деп біз атандық.

Отырам домбыранды қолыма ұстал,
Дәм тартып кете бардың мені тастап,
Ой келіп домбыранды ұстағанда
Кетеді сол уақытта мені қыстал.

Мен бағам мандалин мен домбыранды,
Иесіз болмайды екен оның сәні,
Ән салып шырқайтұғын Зурашім жоқ
Қосатын домбыраға талай әнді.

Зуражан, болушы едің көңілге тоқ,
Қалады әркімдерден дүние-боқ,
Жаудырап кәртішкең мен ойыншиқ тұр
Бағатын оның артта иесі жоқ.

Қараймын күнде тұрып портретке,
Дәм тарту оңай еken алыс, шетке,
Қарыс жер маған алып еді
Қашан мен кездесемін бетпе-бетке.

Өлеңді көңіл болса айтар едім,
Сағыныш қай уақытта тарқар едің,
Қос қанат құсқа біткен маған бітсе
Мен саған күнде барып қайтар едім.

Балалар алай да өтеді, былай да өтеді,
Кейбірі балалардың келмей кетеді,
Өзіңдей балаларды көрген шақта
Көзден жас сол уақытта тимей кетеді.

Зуражан, таусылмайсың айтар сөзге,
Бәрі дос дос болады еken көрер көзге,
Осылай бет бұрылса болады еken
Көңілден көз жеткен соң болдың өзге.

Кемпір – шал отын-шөлке барып журміз,
Кейде отырып, кейде тұрып талып журміз,
Отын-шөп әкелетін Зурашім жоқ
Қайтейік, амал бар ма налып журміз.

Осымен әкең сөзін қысқартады,
Жансыз хат әкең саған тіл қатады,
Кім жарты жалғызынан айырылған жоқ,
Кемтарлық, жалғыздығың жоқтатады.



АНАМНЫҢ ӘКЕСІНЕ АРНАҒАН ЖАУАП ХАТЫ

Жан-әке Зурашыңың сәлемін ал
Әкеге қай уақытта балағой бол,
Бал балаң бойжеткен соң жігіт болып,
Азырақ кеңес берсе, құлағың сал.

Жан-әке, Зуражан деп хат жазасың
Көреді әркім жақсы өз баласын
Атыңды ұлдай болып жасартады
Ұяға қонақтаған қарлығашың.

Құрметті ақын әке, шешен әке
Сергисің «Зуражаным» десең әке
Тарихта атың мәңгі өмір сүреді
Көтеріл, бола көрме, бәсек әке!

Құнданым, қызы да болса қырға қондым
Елде ерке, түзде ақылды бала болдым,
Атыңды өшірмеудің қамын ойлап
Алды-артын көп зерттедім барап жердің.

Қайырлы болсын де әке, жолымызды
Табармыз, құдай берсе, жоғынызды,
Асылтай ұлы Ергали деп қойылған
Ел тегіс көріп жатыр қолынызды.

Екі жыл жан-жағыма қөзім салдым
Уайымын ойламадым дүние малдың,
Іштегі өнерімді шығаруға
Себепкер болатын жан таңдал алдым.

Мен Зураш Ергалидың баласымын
Деп жазам ту басына биік шыңың,
Егіздей он баладан пайдада қанша
Екі ауыл білмей тұрса дауыс үнін.



Құдайдан бала тілейді, неге тілейді
Көз жасын ертелі кеш төге тілейді,
Атымды өшірмесін құлыным деп
Баланы шыбын жанын бере тілейді.

Жан-балаң Зуратайың мен боламын
Бір емес Ергалиға он баламын,
Келешек замананың адамына
Он емес жер қайысқан қол боламын.

«Е» әріпі Ергалидың «ел» деген сөз
«Р» әріпі раушани бел деген сөз,
«Fa» әріпі ғаламға аян оның аты
«ЛИ» әріпі лауһ-қаламға «төл» деген сөз.

Көргендер өлеңінді көп айтады
Ерекең бақытты адам деп айтады,
Өзгелер шіріп топырақ болған кезде
Атынды күнде-күнде ел айтады.

Сондықтан, әке саған берем кеңес
Елге аян ақындарға тезден теңес,
Жатпайды болат пышақ қап түбінде
Қалатын үнсіз, атсыз ер сен емес.

Кем еді денсаулығың ерте кезден
Сақ адам ауруды үнемі жеңген,
Сақтай гөр, тірлігінді әке жаным
Жүреді зәрем кетіп сұық жерден.

Денсаулық тұңғыш байлық деген қазақ
Денсаулық адамзатқа қару-жарақ,
Денің сау, аман-есен жәйлі жүрсең
Жадырап сениңдағы қас пен қабақ.

Демеші жалқұйрығым күзелгендей
Тасыйтын кезің келді Ақеділдей,



Болғаннан қараға бас, қанға нөсер
Қала алмас енді атың жолда журмей.

Демеші «аздай болдым, саздай болдым»
Демеші «адасқан сен қаздай болдың»
Елге аян егіз балаң аман болса,
Төрінде Ақорданың сенің орның.

Демеші «Зуражаным малым едің»
Мал емес жүрегінде жаңың едім,
Қайрылар қарлығашың әруақытта
Бағыма аман болсын қоныс жерім.

Демеші «Зуражаным бұлым едің»
Бұл емес жаңа шыққан гүлің едім,
«Сыйға-сый, сыраға-бал» көрермін мен
Жыртылмай бүтін тұрса етек-жеңім.

Демеші «қараңғыда журмін» әке
Тұғыры сен ұлың мен қыздың әке,
Пайды жоқ, құр жылаудан, мен орманың
Көлеңке болу үшін тудым, әке!

Мен үшін 41 ауыз жаздың өлең
Әкелік хақын өтеп, қайнап денен,
Қос балаң, ұясында аман болса
Хақынды менде өтеуге антым берген.

Жан-әке аса мені көп мақтайсың
Көз-көркім, сәнім, малым деп мақтайсың
Баласын жек көретін адам бар ма?!

«Хан қызы» еді деп те сымбаттайсың.

«Хан қызы» ерте күнде сыландаған
Оралып торғын, барқыт бұландаған,
Бөленіп неше түрлі жиһаздарға
Дүниеде атаяқтар мәңгі қалған.



Мақтанбай тәубә етем өміріме
Өзеннің мен кездестім Еділіне
Бата бер, тілектес бол, әкетайым!
Көзің сал, қайда жүрсе егізіңе.

Жан-әке, айтқан сөзің закон маған
Ұстармын тірі болсам бәрін тәмәм,
Жымдасқан біздің жүрек сүттенде ақ
Аша алмас арамызды дүшпен надан.

Белімді бекітермін сын ұстанып
Демеймін жер білмейтін өлі жаспын,
Қосылған бір-бір жалқы аман болсын
Өркенім өсуіне аллаһ жазсын.

Арқалап бесік табын барған басым
Құрметтеп, сүт емізген ата-анасын,
Жеріне ойына алған қолы жеткен
Хат жазған алыстағы жан Зурашың.

Зураш Ергалиқызы
20 февраль 1945 жыл





ЗУРАШҚА ӘКЕСІНІҢ АЙТКАН АҚЫЛЫ

Зуражан, мына сөзге құлағың сал,
Қарағым, мені десең есіңе ал,
Айтады әкең тәртіп ер, әйелге
Әкеңнің сол сөздерін есіңе ал.

Жат жүрттық жаратымыс әуел баста,
Еркелік жарасады бала жаста,
Тұрмыстың жағдайына көңіл бөліп
Қарағым, балалықты енді таста.

Білімге он саусақты бармақты бол,
Алысты жақын қылар қармақты бол,
Қаңбақ шөп мал жемейтін жүріс басқа
Қозғалмас тастан ауыр салмақты бол.

Айтатын әкең ашық білесің сыр,
Жағына адам болу көңілді бүр,
Әкендей әрбір адам білетүғын
Белімді, құлыншағым, сындырмай жүр.

Әуелі адам болу қарқынды біл,
Екінші сана-сезім ақылды біл,
Әкеңнің саясаты болатүғын
Үшінші алыс пенен жақынды біл.

Байқасаң ақылды адам топтан озар,
Ақылсыз ынтымақты күнде бұзар,
Дүние жолдас емес, серік жолдас
Болмай жүр көрінгенге көрсе қызар.

Фалымжан ренжітпес сені деймін,
Дүниенің тарлығы мен кеңі деймін,
Тұрганда Фалым, одан кем болмайсың
Сен түгіл ойладап жүрер мені деймін.

Зуражан, сен қондың ғой шынарыңа,
Кездестің ақиықтың қыранына,
Жас өмір, жас тілекті мен тоқтатпай
Жеткіздім бетке қақпай мұрадыңа.

Ақиық қоян құшпай, тұлкі құмар,
Одағы жетсін дедім құмарына,
Махаббат дәриясына әркім түскен
Желіккен жел көңілдің тынарына.

Ақиық бәйтерекке қонақтаған,
Мен едім ешбір жанды жолатпаған,
Махаббат әркімдерде болған шығар
Белгісіз адамдарды ұнатпаған.

Мақсатқа сары қаршыға жеткізуге,
Елдегі жапалақтар шыдатпаған,
Бәйтерек қос бұтағы аман болып,
Қайырлы болсын қоныс тұрақтаған.

Қаламды жер жүзіне жорғалатып,
Бері қарай Алатаудан шарықтаған,
Астында қанатының біз болармыз
Қанатын жайса бізге қалықтаған.

Бұл күнде қараңғыда жүргендеймін,
Күн болар бізге дағы жарықталған,
Жазғаным жамбаста қап жүрген еді
Сөзіме ие болмай анықтаған...

12 желтоқсан 1944 жыл



ҚҰДАСЫ МЫРЗАХМЕТКЕ СӘЛЕМ ХАТЫ

Ассалаумағалейкүм, Мырзекесі,
Бір күнде болып едім ел еркесі,
Еркелік, серкеліктен мен айырылып
Бұл күнде ден отырмын үй еркесі.

Мырзеке, амандық па мал-жандарың
Жақсы ма тұрмыс пенен хал-жайларың?
Бұл күнде бүтін тұрған бір адам жоқ
Хат бар ма шетте жүрген балаларың?

Тағы да амансыз ба, Құлән балдыз,
Ұшпайтын бұл уақытта мен бір байғұс,
Дәм тартып сіздің қолға барып қалған,
Аман ба, көздің ағы біздің жалғыз?!

Сен Кулән мені білсең балдыз еді,
Зуражан елде сыйлы хан қызы еді,
Саған да еркелікті істеп жүр ме
Ерке өскен, ерке бұлаң жалғыз еді.

Кетемін көңіл келсе жорғалатып,
Зуражан ән салушы еді сырғалатып,
Өлеңі домбырамен былай қалып
Келін деп қойдындар ма қарғам атын.

Таусылмас айта берсең, сөзім көпсің,
Келешек жас үрпақтар нұрын төккен,
Қайырлы екі жаққа бірдей болып,
Мырзеке, қоңсыларың қайырлы етсін!

*Ергали Асылтаев
3 қаңтар 1945 жыл*



ҚОШТАСУ

Ер - әйел мына сөзге құлағың сал
Айтатын сөз келіп түр сіздерге дәл
Сіздермен қоштасатын уақыт жетті
Амандасып өтеді Ерекең шал

Сау болсаң, дүние мен мәлдү ойлайсың
Тұрмысты молайтуға сәнді ойлайсың
Денсаулық үлкен байлық деген екен
Ауырсаң бір шыбындај жанды ойлайсың

Ерекең жастық шақта жорғалатты
Аралап талай жердің дәмін татты
Бас қосқан көпшілікті көптен көрмей
Кемтарлық жүргізбестен қорғалатты

Аллаға алуда оңай, беруде оңай
Біз көрдік жоқ болғанын талай қөптің
Бар шығар мендей болған талай адам
Әркімдер арты сөніп, өтіп жатты

Білгенше мен сөйлеттім таңдайымды
Әр жағдай бөгеп келді маңдайымды
Силы боп, көпшілікке келіп едім
Ел жұртым білуші еді қандайымды

Өткіздім бастан, шіркін, талай кепті
Кемтарлық кездескелі көп жыл өтті
Өлшеулі жарық дүние бітеді гой
Дағдырға жақындағып қуып жетті

Бұл күнде уақыт жеткен өтіп жатыр
Басында кемтар болсаң заман ақыр
Тамақтан сүйық өтпей өкпені жеп
Жақындаап, шіркін, тыныс келе жатыр



Бұл тыныс жақындаپ түр алады ғой
Ел - жұртың, тұған туыс, қалады ғой
Откен күн бір күніндей болмай қалып
Апарып тар лақытқа салады ғой

Бар шығар мендей болған бірталай ер
Алды, артты ойлауменен көңілім шер
Жаманат бұл дүниеден алғаным жоқ
Бір Алла, жұма күнмен алдымды бер!

Азырақ осылайша мен айтамын
Шығарып іштегіні сөз айтамын
Бет алып қайтпас сапар мен барамын
Бір Алла, сапарды онда деп айтамын

Көңілің көп қажиды алаң болса
Ой түбі жеткізбейді санаң болса
Оңалар орнында бар деген екен
Артында атынды атар балаң болса

Бұл сөзді басында бар үқсын деймін
Бір Алла берген сәби көпсін деймін
Қызығын бұл дүниеде көрмесемде
Алдынан он сәбиім шықсын деймін

Ауруға таң қысқа бол, атпас деймін
Сауларға ауру жаны батпас деймін
Кейқуат, Рахымдар аман болса
Біреуі шаңырақты жаппас деймін

Етпедім жастан ғадат ақындықты
Көрсеттім іліктеге жақындықты
Көпшілікке айтатын сөзім, мынау,
Сұраймын ер – әйелден бақұлдықты



Бой жазып, көptен елде көрінбедім
Айтуға білгенімді ерінбедім
«Өке» деп бәріндағы айтушы едің
«Бақұл» бол балар мен келіндерім

Зуражан, сен едің фой менің барым
Әкеңнің көп заманнан көңлі жарым
Өзі түгіл сөзіне зар боларсың
Аман бол, Баян, Шәшкөн құлындарым!

Ерғали Асылтаев менің атым
Байқайды басында бар сөздің затын
Бәрің де қайыр, дұға қыла жүр деп,
Тапсырған көпшілікке аманатым....

Октябрь 1968 жыл





БҮЛ ФӘНИДЕН МЕЗГІЛСІЗ ӨТКЕН БАУЫРЫМ ШӘКІРБАЙҒА АРНАДЫМ

Қалай ғана, қалай болды
ақалың?!

Сені ойласам тартам бауыр азабын
Өң мен түстің арасындаң боп қалдым,
Естігенде сұмдық атын
қазаның

Ессіз-түссіз күйге түсіп,
құладым

Көңілімді көз жасымнан құрадым
Сонда мамам,
қайран анам!

Сондай қатты жылады...
Неге бұлай болды екен,
болды екен тағдырың?!

Әлде өзінді күтпедің бе,
Жетпедің бе? Байыбына өмірдің
Енді, міне, солып қалды-ау,
солып қалды-ау бақ гүлің

Сені ойласам, ах ұрамын
Көпті ұғамын, бауырим
Мамам қалды шықпаған жан,
жүргегінен ауырып....


Әлі талай зар болармыз
Өлең айтқан үніңе
Ән дәптерің менде қалған,
гитараңа кім ие?!

Түскен сайын сен есіме,
аңырып,
Көздің жасы көл боп тасып,
отырамын қамығып,

Қолдан келер қайраным жоқ,
қайраным жоқ, жылармын



Фалия мен Шәкірбай, 1978 ж.



Шәкірбай баласы Алматпен, 1996 ж.



Қабіріце барып-келіп,
барып келіп, тұрармын,
Тұрмасада істеріміз
жан-жағынан қабысып,
Кеткендейін кең дуние,
тым тарылып ауысып,
Әлі күнге қайғырамыз,
қабыргамыз қайысып....



ҚАЙРАН МЕНИң АК ЖУРЕК ЖАН-БАУЫРЫМ!

«Откен күнде белгі жоқ» деп отыруши еді менің марқұм нағашы әжем, мүмкін сол сөз ақиқат та болар. Бірақ осыдан үш жыл бұрын біздің жанұямызға енген үлкен қасірет- қайғымыз мәңгілік ұмытылмақ емес. Бауырым Шәкөн (Шәкіrbай) алмас қылыштай қылпыған отыз жеті жасында қайғылы қазаға ұшырап, дүниеден озды.

Жан баласы жақыны жайлы жаман айтар ма, ал біздің Шәкөніміз аяулы азамат, аңқылдаған аққөніл, аузын ашса – қемейі көрінетін адаптация жігіт еді ғой. Жасынан зерек, ұйымшыл, қарапайым, досына жан беретіннің өзі- тін. Сондықтан болар, оның достары көп болды, әрі күні бүгінге дейін қамкөнілдерімен еске алып отырады.

Теренсайда, одан соң Қызылжардағы мектеп- интернатта оқу мен тәрбиенің үздігі болып, топ жарды. Кейін алты жыл Алматыдағы медицина институтында оқып, ойдағыдай тәмамдады, жақсы білікті маман болды. Оның қызметі облыстық әскери- госпитальда травматолог, бас хирург еді. Жоғарыда айтып өткенімдей, дос жөнінен жұтақ болмай, жансеріктің ініціаторы қатары қалың болатын. Шәкөн екеуміз үйде тетелес өстік. Көпбалалы үйелменнің бір қасиеті балалар тату- тәтті өсіп, жеделдері бір- біріне үйірсек, қамқор болады ғой. Міне Шәкөн екеуміз де осылай едік. Папамыз осы аймаққа есімі әйгілі Фалым Малдыбаев, «Мен басымды бала үшін тауға да, тасқа да соқтым, Зүкен сенен тілегім- бала тусаң болды, салына қарамаймын, бағам- қағам, өсірем!» деп мамама жиі айтады екен.

Папам әр балаға мінездеме беріп, әр баласын күнде жаңа туғандай еркелетіп, мандаіымыздан сүйіп өсірді. Әсіресе, ең кенжелері Сәбит екеумізді айырықша жақсы көрді. Мандаіымыздың жел тигізбей өсірді десем артық болмас. Осындауда ақын папам-

ның әр баласына арнаған жырлары да еске түседі.
Шәкөн туралы:

Оқушы сопақ ұлым Шәкіrbайым,
Алдыңда жарқыраған Шәкөн айым.
Сопақ деп еркелетіп ат қояйын,
Ойнақтап шапқылығын сары тайым,

- дейтін.

Мен туралы:

Ойпырым-ай, тентек қызыым Галям да бар,
Иншалла, мен емеспін балаға зар.
Артымда атымды атап, сөзімді оқыр,
Ұмытпас бағып- қаққан бұл жұлдыздар,

- деп айтқаны есімде.

Сейткен балаларының бірі Шәкөн еді. Топырақтан тысқары болғанында мамырдың 27-ші жұлдызында қылыштай қылпыған қырыққа келер еді рой. Алла ісіне амал бар ма, ажалына араша бола алмағық. Адалдықты арам жеңген заманда, жақсылықты жаман жеңген заманда кісі қолынан қаза болған баурым есіме түскен сайын көкірегім қарс айырылғандай күй кешемін. Өзімді қоярға жер таппай, жүргегім кеудеме сыймай бебеу қағады, елесі көз алдыннан кетпей, қабырғадағы суретіне қарап талай күндер мен түндер жылаумен өтіп жатыр.

Уақыт - емші десе де, күн өткен сайын сағынамын, аңсаймын бауырымды. Қазақ «бала қайғысы- етекте, бауыр қайғысы – өзекте» деп тегін айтпаған гой. Бауырымның әрбір іс- қималы, сөйлеген сөзі, айтқан әндері көнілімде күні кешегідей сайрап тұрады.

Біздің жанұямызға өнер қонғанын, ән- күйге әуестігін көпшілік біледі. Ол ата- ананың тәрбие- тағызынан. Шәкөнекеуміз мектеп-интернатта оқып жүргенімізде талай концерттерде сахнаға шығып, жүлде жеңіл алатынбыз. Сонда бізге бала болғандықтан көп- көп тәтті сыйлайтын. Сонда Шәкөн қамқор аға болғандықтан сыйлығымыздың ең дәмдісін, ең қомақтысы мен тәттісін «Галя, сен ала гой!» деп, әдемі шоколадтарды менің қолыма ұстаратын.



Гитара тартып, ән салуды маған Шәкөн үйретті. Оның қамқорлығы, бауырмалдығы осыдан да көрініп тұруши еді. Кейін мен Талдықорғанда оқыдым, ол болса Алматыда. Каникул кезінде, немесе сенбі- жексенбіде Алматыға келіп, кетуші едім. Сонда Шәкөн мені қарсы алып, алдынан жайрандалап, жүректен мейірі тәгіліп шығатын. Ол кездे екеуміз де студентпіз. Ол бірде мені қарсы алды. Вокзалдан бері гүл сатушы кемпірлердің жанынан өтіп келеміз. Бір кемпір: «Жігітім, қызына гүл сыйласаншы, арзаңға берем», деді. Сонда Шәкөн: «Апа, қызым болса, гүл базарының жанынан өтпес едім. Студенттің қаласы өзіңізге белгілі фой, бұл қарындасым, мұмкін гүлінізді жай берерсіз?» деп әзілдеді.

Шәкөн соңдай әзілқой, ойыншыл еді. Отырган жерінде күлкінің думаны болатын, ішек- сілемізді қатырып, әр сезін әзілге бұрып сөйлейтін. Оның бір басында сегіз түрлі сипат бар еді десем, артық емес. Шіркін, әнді қалай шырқайтын еді. Гитараға қосылған әсем, әуезді әні осы күнге дейін құлағымда. Қыздардың көбі мектепте болсын, институтта яки ауруханада ма, оның жанынан шықпай, ән айтқызып, күлкіге бөгіп отыратын. Көбі маған: «Ағаң қандай әнші, жақсы жігіт», деп жүректегі сезімдерін шын көңілмен білдіреді.

Алматыда ауруханада қызмет істеп жүрген кезінде оның жұмыс орнына келдім. Хирургия бөлімшесінің алдында бір топ кісі тұр еken. Мен соларға жақын келіп: «Шәкіrbай Фалымұлын шақырып жіберіңізші» деуім мұң eken, олар маған: «Келбетіңе қарағанда осы дәрігерге ұқсайды екенсің, бауырын емес пе?» деді. «Сондай алтын бала, қолы жеңіл, ажалына араша болып, баламызды аман алып қалды, айналайын» деп маған алғыстарын жаудырды.

Алдынан аппақ желенді, ақ қалпақты, ақ шалбарлы өзі де аққұба, екі иығына екі кісі мінгендей кесек тұлғалы ағам, жүзі бал- бұл жанып, көгілдір

көзі күлімдеп тез- тез басып маған келе жатқаны әлі күнге көз алдынан кетер емес.

Әттең, әттең талай жанның жанына араша түсіп, ажал уысынан аман алып қалған аяулы бауырым, өзі сол ажалдың тырнағында кетті- ау.

Кішкентай кезімде інім Сәбит екеуміз: «Шәкен ертегі айтып берші» - деп кеш болса жанынан шықпаушы едік. Жастығының астында кем дегенде төрт- бес кітап жататын. Сондай кітапқұмар еді, көп оқитын, жай ғана емес, сүйіп оқитын еді кітапты.

Ол спортқа, әсіресе футболға өте бейім болды. Ауылда кешкілік көше- көше болып футбол ойнайдынбыз. Сонда мені жаз бойы қақпаши қылыш даярлайтын. Мамамның ұрысқанына қарамай, қызы бала болсам да, футбол алаңында қақпада тұратынмын. Бір гол жіберіп алсам жылап жіберуге шақ қалып, қатты қиналушы едім. Шәкен капитан, ол келесі жолы мені командаға алмай қояды ройдеп қорқамын. Үйге келе жатып Шәкеннің көзіне қарап, су әперіп, орамал беріп, үйге келгенде төсегін салып беремін. Сонда ол маған: «Галя, сенен артық қақпаши жоқ, сен екі ер баланың орнына тұрасың. Сенің қақпаңа доп соға алмағандардың жігері құм болып жүр гой» деп жұбатып, қанаттандырады. Жалпы, Шәкеннің біреуді жазғырып сөйлеп, тілмен өш алғанын көрген де, білген де емеспін. Сонда мен оның бетінен сүйіп алатынмын.

Кейін үйлі - баранды болғанда, Алматыға барғанда таңғы жетіде келетін поезды менен телеграмма алысымен қолына бір құшақ гүлін алып перронда күлімдеп тосып тұратын. Енді маған Алматы барған сайын Шәкен тәрізді алдынан ағам шықпайтыны жаныма батып, көзіме жас алдырады. Тірі болса, бағыща жүзі бал бұл жанып қарсы алып, құшағына қыспай ма?

Пенденің тірі кезінде бұл фәнігеге қонақ екенің осыдан- ақ біле бер. Біреулер өмірге гүл егемін, жүректерге нұр беремін, жақсының мерейін тасы-



тып, мәртебесін асырам деп келетін болуы керек. Менің Шәкөнім сондай жанның қатарында еді гой. Ал енді бәз біреулер жарықты сөндіруге, мәлдірді лайлауға, тазаны былгауға келеді еken. Сондай алпа-рыстың құрбаны болған ағамның ажалын осындај жаны жайсандарға бермесе еken деп тілеймін. Қол жайып, құран бағыштаған сәттерде, атын атағанда жүрегім қайғы құрсауында түңшыға жаздайды. Сондықтан осы бір естелігімді тұған күніне, ердің қыран құстай қалықтар шағы — қырыққа толғанына арнап бір мысқал жүрекке дауа табайын, кәрі анам бар, өзге туған бауырлары болып марқұмның жарқын дидарын жүрек лүпілімен еске алсын деп ұсынып отырмын.

Жақында папамның туғанына тоқсан жеті жыл толды. Шәкөн екеуі Сергеев ауданындағы Жаңа-жолда жерленген. Барған сайын бастарына құран оқытып, өлімнің өшін кез жасымнан аламын. Ал-латағала, қалғанымызға амандық бере көр деп жа-ратқанға жалбарынып, саулық тілеймін. Шәкөннің жалғыз ұлы - тамшы қаны Алмат аман болса еken!

Қайран менің ақ жүрек, жан бауырым,
Өміріңнің қалдырыдың тек жауынын.
О дүниеге қимай сені көп налықым
Алланың құдыретіне амалым жоқ,
Иманың жолдас болсын, о, Бауырым!

Карындасты
Фалия Галымқызы
Малдыбаева, 1999 ж.

Қапияда көз болған қазасымен қабырғамызды қайыстырып, қайғы бұлтымен түмшалаған жан бауырымыз Шәкіrbай Falымұлын Малдыбаевтың өмірден озғанына бір мүшел — он үш жыл да өтіпті. Марқұм дәл үш мүшелінде өзге біреуге араша түсемін деп жүріп, өзі ажал құрығына тускен аңқылдаған ақкөңіл, кеңпейілді жігіт еді.

Алматыдағы «Қалқаман» ауруханасында және әскери госпитальда хирург- травматолог болып абырайлы қызмет атқарған ол шақыру бойынша науқасқа жәрдем жасауға аттанған сапарында қаныпезердің қолынан қаза тапқаны жанымызға батты. Ағайын- туыс, жора- жолдастың арасында айрықша сыйлы, ақжарқынмінезімен жанды баурайтын көпшіл еді. Тұла бойы тұнған өнер болды, гитарамен, домбырамен ән шырқап, уйін думан, түзін той қылуышы еді. Көркі мінезі сай бауырымызды анамыз Зураш ерекше қастерлеп, ақыры бұл қаза жан — жүрегін қажытты да, өмірден осы жүкті көтере алмай өтті — ау деп ойлаймыз.

«Жазмыштан озмыш жоқ» деген осы екен- ау. Марқұм аман- сау болғанында бүгін ердің жасы елу- ге толғанын тойлар едік қой. Көңілге бір медет қыла- рымыз — артында он алтыға толып отырған жалғыз тұяғы қалғаны. Экеміз оған:

Аспанда жарқыраған Шәкөн- Айым,
Алдында шапқылаған сары тайым,
- деуші еді.

Аяулы бауырымызға әкеміз арнаған осы жолдар- ды өрі жалғастырып, мына өлең тармақтарын арнай- мыйз:

Аспанда жарқыраған Шәкөн — Айым,
Алдында шапқылаған сары тайым.
Араша өзге жанға түсемін деп,
Қапияда қаза таптың жазатайым.




Өтті жаз, қыс та өтті қар қылаулап,
Біз жүрдік саған тілек әр күн арнап.
Елуте толғаныңда қуанудың
Орнына отырмыз біз қайғы баурап.
Кешетін ыстығын да, ызғарын да,
Өмірде тұла бойда сыз қалуда.
Бар тұлғаң есте жүрер мәңгілікке
Өмірде туыс- туган — біз барында.

*Сагына еске алушылар:
апалары Әлия, Алма, қарындасы
Фалия Малдыбаевалар,
2009 ж.*

*Кымбат маған
әрбір сәт өмірдегі...*





Біздің жанұямыз 1962 жылы
Әлия, Гая, Абай, Алма, Шәкөн, Алтай



Алматы, 1967 жыл



Мен 9 класс оқушысымын, інім Сәбит,
апаларым Элия мен Алма, Сергеевка, 1977 жыл



Менің студенттік кезімнен, 4-топ, Талды-Қорған.



Қала күні, ағам
Шашубай екеуміз,
1985 жыл


Ақ көгершін әнін
орындаудамын,
1985 жыл



Телестудия, 1986 жыл



12 октябрь 1985 жыл



Менің жанұям. 1993 ж. Сергеевка



Анашым қыздарының ортасында, 2005 жыл



Анамның 75 жасқа толу тойына бардық, 2001 жыл



Менің бауырларым Шашубай,
Алтай, Сәбит, 2012 жыл



Қос ұлым - қос бәйтерегім, Азат пен Тимур,
2005 жыл



全国重点文物保护单位

万里长城·八达岭

中华人民共和国国务院

一九六一年三月四日公布

北京市文物事业管



Пекин, КНР, сіңділерім Бақыт,
Арай, Анель, 2012 жыл



Біздің үйде кешкі шай, туыстарым, 2012 жыл



Іні-сіңлілерім, келіндер, жиендер,
Балымның тойында, 2012 жыл



Шалақын ауданы, Жаңажол ауылы,
Әкемнің атындағы мектеп, баласы Шашубай
мен шәбересі Фасыр-Фалам, 2013 жыл



Шаңырақтың иесі Сәбит інім,
келініміз Айгүл, Серуен, Арай, 2006 жыл



Анашым Астана биллбордында.
Жиенім Азамат Кадыров, 2006 жыл.



Досым Гүлнэр өркез қуанышыма ортақ



Қазақ театрында, актер-режиссер Талғат Теменов,
актерлер Тілек және Әлімбек, 2001 жыл



Белгілі Қазақстан Халық әртісі
Асанәлі Әшімов, 2001 жыл



Танымал әнші Бұркітпен бірге



Жұлдыздармен бірге, Рамазан Стамғазиев,
Дәмеш Құрманкина, 2012 жыл



Заңгер дипломын қорғадым, 2004 жыл



Інім Фабиттың тойында ағам
Шашубай екеуміз, 2005 жыл



Ән шырқайық! 2005 жыл



Тұғандарым, Бейбіт, Абай, Айгүл, Ақбаян,
Шашубай, Әлия, Алма, 2012 жыл, Астана



Тимур, Сейілхан, Фалия, Алмаз. 2013 ж.



Қайын атам Болат, ұлы атамыз Шаймерден, қайын енем Бибіхадиша, Дауылбай аға және қайын апаларым Роза мен Зәуреш, 2003 жыл




Тұыстардың ортасында, Гүлнар абысының, Марат аға, анамызың Бибіхадиша, Зәуреш апамызы, 2013 жыл



Мейірхан, қайын ағаларым
Мерген мен Боранбай, 2013 жыл



Анам мені қарсы алды, Астана, 2003 жыл



Менің құлындарым, Азат пен Тимур
2010 жыл, апрель айы



Чехия, Прага, Мейірхан екеуміз саяхатта, 2010 жыл



Польша, Варшава



Чехия, Прага



Франция, Париж, 2010 жыл



Германия, Мюнхен қаласы, 2010 жыл



Австрия, Вена



Париж, хош иісті райхан гүлі




Достарым Гүлнар мен Бақыт,
Үрімші қаласы, КНР, 2008 жыл




Франция, Париж, Эйфель мұнарасы, 2010 жыл



Париж



Парижде саяхат



Пекин, император сарайы 2012 жыл




Пекин, Ұлы Қытай қабырғасы



Араб Эмираты, Абу-Даби, 2013 жыл



Дубай, Парсы бұғазы



Абу-Даби мешіті, Араб Эмираты, 2013 жыл



Люксембург, 2010 жыл



Ташкент 2013 жыл






Түркия, Алания қаласы 2013 жыл



Түркия, Анталия қаласы



Палестина, Бейтлахем қаласы, 2013 жыл



Израиль, Иерусалем қаласы,
Аль-Акса мешіті, 2013 жыл



Дұға оқылды, жанымда Гүлнәр досым



Қытайдағы достарым, Ульяна мен Айгүл



Қытайдағы достарым
Замзагұл мен тәжік қызы Мунира




Біздің жанүя достарымыз. Гүлжан, Дария,
Райса, Фабдол, Гүлнэр, Жұмабек, Калима, Ержан,
Салтанат, Қабдрахман, Тойкен, Ағыбай, 2013 жыл



2010.04.17 22:22

Менің жанұым





*Көңіліміз шат-шадыман десек те,
Кейбір күндер кірмей жүр ғой есепке,
Өміріңнің сұрғылт-сұрсыз күндерін,
Көзден тамған жаспен бірдей есепте....*





Мен бүгін бәз біреуге шуақтымын
Айтылған сөзге, сертке тұрақтымын
Жан — жарасын өмірдің өзі емдейтін,
Бақыттың базарында сияқтымын.

Жүргем жоқ, жәй бетімен, сағым қуып
Қисынын тауып пенде бағындырып
Дертім бе, кесел ме, әлде, азабым ба?!
Келесің қасиетіңе табындырып!

Бойыма сіңіріп ап, дәру — емдей,
Баянын бұл фәнидің серуендей,
Қыс пен күз, көктем мен жаз, о, дүние!
Өтеді-ау, өмір шіркін, керуендей!





Қарбалас заман, қарбалас тірлік, қарбалас
Шадыман-шаттық, қасіреті түгел аралас,
Көбейген күндер, көріспес туыс-туғанмен
Асыға жүріп, бұрылып артқа қарамас.

Қолдары жетсе мансапқа кетер есіріп
Ертеңгі күнді ойламай, мәз боп есіліп
Мәңгі емес мансап, байлық та, тірлік, адамдар
Ұфары мүмкін, қалғанда жолы кесіліп....

Жүруші-ем жиі құшағымды досқа ашып
Аз ба адамдар, бара жатқан қастасып,
Қосыла сап кеше ғана, айырылысар
Шашылып той жасап жатқан қос ғашық.

Ұғуым қыын, санама сауал бұл менің
Арамнан ада, көктемде жарған бүр ме едім?
Кейде бір досың, қолдаудан гөрі, күнде
Адамға ма өкпе, заманға ма өкпе, білмедім?!

Қалар-ау бәрі, тауы да қалар, тас қалар
Басады сенің орныңды келіп басқалар,
Бәрімізге де бұйырар жер бір аршын
Өкінбейтін бол, өзегіңе жас тамар!

Қарбалас заман, қарбалас тірлік, қарбалас
Куанышы да, қасіреті де аралас.....





Күннің Нұры - қандай сұлу тамаша!!!
Тоймайды ғой, көздер, шіркін,
қаншалықты қараса,
Дүниенің төрт бұрышын, он сегіз мың ғаламды
Жарқыратар жан - жағынан,
бұлттарменен таласа.

Күннің Нұры - теңдесі жоқ, қаласаң,
Күн шықпаса, көңіл бей-жай,
сұрықсыз бол қаласың
Шапағының өзі туған анамыздай арайлы
Қасиеті мол адамзатқа
бар ма осыған таласың?!

Күннің Нұры - ғаламат қой,
табылмайды тап ірі,
Шуақ шашқан жер үстіне, зор ғой оның қадірі,
Күнім - Ұлым,* тірі жүріп, сіңіре алмай бойына
Сол шуаққа енді, міне, шомылыш тұр қабірі...

Ой - хай, дүние!
Арман, дүние!
Жалған дүние, ғұмырым!
Қалған өмір қандай екен, білмеймін ғой,
күні бұрын
Нұр астында жүре берсем, жүре берсем,
жалақпай,
Көңіліме шуақ төгіп, қуантса екен,
Күн - Нұрым!!!

2013 жыл жазылған, март

*Азат – өмірден өткен балам



ОҚЫРМАНМЕҢ СҮХБАТ

Ақындықтың жолын аса қумадым
Кеменгер боп, мен ерекше тумадым,
Хас сұлудың үқастығы тағы жоқ
Таза ниет, ақ жүрегім - тұмарым.

Фажап сезім ойнайтын күн тұрганнан,
Әуезді әнмен әсерленген тұрған маң,
Жан-ұымыз шырқайтұғын кештерде
Өлең-жырға өуес болдым туғаннан.

Ай нұрланса, күн құлімдер аспаннан
Батылдығым мол, күнім аз жасқанған,
Тәрбиесін бойымызға сіңірген
Талант, талап ата-анадан басталған.


Сағыныш - шердің ағытамын тиегін
Сүйегі асыл, қадірі зор, киелім,
Мені ерекше жақсы көрген, анашым
Тіршілікте өзіңе бас иемін!

Тамыр жайған тіршілікке мен ерем
Шайқалмайтын, мықты болса керегем,
Көкірекке мұн, қасірет толысса
Сабыр сақтап, қыл қаламға жол берем.

Солай, жаным, қиналадын, жабығам,
Саулық тілеп, жаратқанға жалынам,
Амалым жоқ, құдіреттің күшіне
Сізге айтпасам, кімге барып шағынам?!

Нұрлы дүние, сырлы Әлемнің сырлы мың
Сүйеніш қып, елім, далам қызығын,
Көңіл-керуен ақ бесікке тербелген
Сарыарқаның саған сырлас қызымын!

Тамыз 2013 жыл Петропавл қаласы



ҒАЛИЯ МАЛДЫБАЕВАНЫң ШЫҚҚАН ТЕГІ, ӘУЛЕТІ

АРҒЫН - АТЫҒАЙ - ДӘҮҮТ - ҚАЛҚАШ - ҚҰДАЙ-БЕРДІ - ЖЕМЕТ - ЖҰМЫҚ - МЁНДІБАЙ - ЕСЕЙ - КУШІК - ҚЫСЫРБАЙ - МЕНДІ - МАЛДЫБАЙ-ДАН ТАРАФАН ҮЛ РАХМЕТ, МЫРЗАХМЕТ, СЕЙДАХМЕТ (СЕЙТЕН).

РАХМЕТ МАЛДЫБАЕВ (1880-1946 ж. – бәйбішесі Бәден Бағанатықызы (Керей), Фалым Малдыбаевтың шешесі.

Екінші әйелі – Рахима – қарындасты Балапан Рахметқызының анасы.

Фалым Малдыбаев (1902-1982 ж.) – бәйбішесі Күлшай Нұрпейісова (1912-1975 ж. 1928 жылы қосылған), қыздары Зоя (Ақжайық 1934 ж.) Мырзагұлова, күйүі – Жарқын Мырзагұлов (1936 ж. Керей – Көшебе, Айымжан ауылы). Балалары – Марат Мырзагұлов (1970-2010 ж.), келіндері – Светлана Мырзагұлова, немерелері – Санна, Даны.

Екінші әйелі: Зураш Ергалиқызы Малдыбаева (1944 жылы қосылған, 1926-2006ж.).

Үл – қыздары:

Қызы- Ақбаян (1947 ж.) күйеуі – Сейіт Қадыров (1943-2007 ж. Албан Талдықорған обл.), балалары – Арман (Бейбіт), Азамат. Келіндері – Лаура, Сәуле. Немерелері – Томирис, Темирлан, Таис және Анель.

Шашубай (1949 ж.) әйелі – Гүлнар Исенова (Қыпшақ, Павлодар обл.). Балалары – Мұсілім, Рауан. Келіндері – Балжан Беркімбаева (Тама, Жамбыл обл.). Немерелері – Фасыр – Фалам, Еділ – Жайық (Эдуард).

Абай (1951ж.) әйелі – Меңсұлу Малдыбаева (Сәпенова), балалары - Жанар, Самал, Дидар. Жиендері – (қыздары Жанардан) Камила, Мадина, Наргиз.



Әлия (1953 ж.) күйеуі – Серік Қалдыбаев (Ысты, Шымкент обл), балалары – Алмаз, Ерназ, Гұлсая. Алмаз келіншегі Айжан Әубәкір (Мұратбекова Кекшетау), Әлия (Татымтаева, Астана) немерелері – Аңсар, Айлана - Самғар 2013 ж.

Алма (1955 ж.) күйеуі – Бейбіт Құдабаев, (Керей-Көшебе, Жамбыл ауданы, СҚО), балалары – Балым, Илияс, күйеу баласы Руслан Калиев.

Алтай (1957 ж.) әйелі – Маржан Малдыбаева (Есебаева), балалары – Фабит, Дана. Келіндері – Гүлжан Жапашева (Дулат, Жамбыл обл), немерелері – Сабина, Санжар.

Шекіrbай (1959-1996 ж.) әйелі – Света, баласы – Алмат.

Фалия (1961 ж.) күйеуі – Мейірхан Жұмағұлов (Бабасан, Петропавл қаласы), балалары – Азат (1981-2010 ж.), Тимур.

Сәбит (1964 ж.) әйелі – Айгүл Малдыбаева (Бабасан, Оразалина), балалары – Серуен, Арай.



ҰЛЫМ БОЛАТОВ ТИМУР МЕЙІРХАНҰЛЫНЫҢ ӘУЛЕТІ

РУЫ ТӨРЕ-БАБАСАН

Жұмағұлов Болатхан Әлішұлы - қайын атам (1931-2005 ж.)

Жұмағұлова-Мұқашева Бибіхадиша - қайын енем (1936 ж.)

Жұмағұлова-Ержанова Зәуреш (1957 ж.) - күйеуі Ержанов Бағдат (1955 -2008 ж.), баласы Ержанов Ерлан (1988 ж.)

Жұмағұлов Боранбай (1957 ж.) - әйелі Гүлнар Жұмағұлова (Темешова), балалары Сейілхан, Рустем. Келіндері – Олеся Куценко, Гүлжанат Жұмағұлова (Көлбахина, СҚО) немерелері Айлин (2012 ж.), Наргиз (2013 ж.)

Жұмағұлов Мерген (1959 ж.) - әйелі Күлбаршын Жұмағұлова (Мыңжасарова), балалары Әліш, Руслан. Келіні - Элия Жұмағұлова, немересі Софья (2012 ж.).

Жұмағұлов Мейірхан (1961 ж.) - әйелі Фалия Малдыбаева, балалары Азат (1981-2010 жж.), Тимур (1987 ж.).

Әлішев Әділхан Әлішұлы - қайын атамның туған ағасы

Әлішева (Келдібекова) Загира – әйелі (1925 ж.).

Әлішев Маратхан (1952 ж.) - әйелі Анна Сахарова, қызы - Диана, күйеу баласы Сыздықов Азамат, жиені Карина (2008 ж.).

Әлішева Гүлнар (1953 ж.) - күйеуі Қами Айтқалиев (Атырау обл), балалары Анар, Дәурен.

Әлішев Қанатхан (1956-1998 жж.) - әйелі Зоя Әлішева (Касенова).

Балалары - Руслан, Анель. Келіні - Айзат, немересі Айлана, күйеу баласы Жанат Сембин (СҚО), жиені Азамат.



Әлішев Қайрат (1959 ж.) - әйелі Алила Әлішева (Дюсембаева), балалары Төлеген, Алтынай, келіні - Еңгілік (Алматы обл.) немересі – Софья.

Әлішев Болат (1962 ж.) - әйелі Асель Өміршина, (Алматы обл.), балалары Омар, Ануар, Асанәлі, Иманғали, келіні - Анель (Қарағанды обл.), немерелері Әліш (2011 ж.), Айли (2013 ж.).



МАЗМУНЫ

...Қолына қалам алған қарындастым...	6
Жыр жазамын жүректен	10
Жақсылыққа жүремін көбін балай	55
Ұлым Тимурра.....	63
Үзілген алқа	67
Әндер	87
Дүниеге келіп едің ақ шуақты Көктемде	95
Қарлығаш	114
Нағашы жұртым	
Асылтай өулетіне арнадым	123
Бұл фәниден мезгілсіз өткен	
бауырым Шәкіrbайға арнадым	139
Қымбат маған әрбір сәт өмірдегі	149
Көңіліміз шат-шадыман десек те	189
Оқырманмен сұхбат	193
Фалия Малдыбаеваның шыққан тегі, өулеті ..	195

Fалия
МАЛДЫБАЕВА

КӨНІЛ-КЕРҮЕН

Сдано в набор 25.10.2013 г.

ТОО «Издательство «Северный Казахстан»
150001, г. Петропавловск,
ул. Кошукова, 5.